



САРАПТАМА

МӘЖІЛІСТІ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕР

Депутаттар қандай
сауалдарды көтерді?

2

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №97 (6659) 4 қараша, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

МЕГАПОЛИС

АЛМАТЫ ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Коммуналдық қызметтер күшейтілген режимге ауысты



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Алдағы аптада күн суытады деп болжануда. Осыған байланысты Алматы қаласының коммуналдық қызметтері күшейтілген жұмыс тәртібіне көшті. Қала инфрақұрылымының тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін арнайы мекемелер тәулік бойғы кезекшілік режимін енгізген. Бұл туралы Алматы қалалық коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы хабарлады.

«Қазгидромет» РМК болжамына қарағанда, 4 қараша сағат 3.00-тен 20.00-ге дейін қалада 5-6 мм көлемінде жаңбыр жауады. Ауа температурасы түнде және күндіз +5-+7 °C аралығында болады. 5 қарашада күн алабұлтты болып, кей жерлерде қар аралас жаңбыр жауып, көктайғақ болады. Температура түнде -3 пен -5 °C арасында, ал күндіз +1 - +3 °C шамасында сақталады.

4

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ СПОРТТЫҚ АСТАНАСЫ

Алматы өзінің өңірлік мәртебесін нығайта түсті

Мегполис спорттық инфрақұрылымды дамыту және бұқаралық спортты насихаттау бойынша ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бұл туралы қалалық Спорт басқармасының өкілдері хабарлады. 2024-2025 жылдары мегполисте 6 жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді, сондай-ақ 2 спорт нысаны жеке инвестиция есебінен салынды. Соның қатарында Алатау ауданындағы «Нұркент» шағынауданында жеке инвестиция есебінен жаңа теннис орталығы ашылды. Ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында «Тұлпар» кешені коммуналдық меншікке қайтарылып, Спорт басқармасының жедел басқармасына берілді.

Бұған қоса, Райымбек даңғылында ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған спорт орталығының құрылысы басталды. Орталық қалада мүмкіндігі шектеулі спортшыларды даярлауға арналған алғашқы мамандандырылған нысан. Ал 2027 жылдың соңына дейін Наурызбай, Алатау және Түркісіб аудандарында алты денешынықтыру-сауықтыру орталығы және үш спорт мектебін салу жоспарланып отыр. «Авиатор», «Шұғыла», №9 спорт мектебі және дарынды балаларға арналған мектеп-интернат жобалары мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

Мегполисте жаңа футбол стадионын салу бойынша дайындық жұмыстары басталып кетті. Көркем гимнастика орталығының жобасы әзірленіп, «Медеу» биік таулы спорт кешенін қайта



құру аясында жаңарту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, «Нұркент» шағынауданында жүзу бассейні бар 5 мың орынды әмбебап арена салу жоспарланған.

Алматыда жыл сайын 310 мыңнан астам спортшы қатысатын 3 мыңнан астам бұқаралық-спорттық іс-шара өткізіледі. Олардың қатарында Almaty Marathon, ATP-250 Almaty Open, WTT Contender, Ұлы дала ойындары, дзюдодан Азия кубогы, сондай-ақ мәнерлеп сырғанаудан 18 елден келген спортшы қатысатын Denis Ten Memorial Challenge халықаралық турнирі бар. Алматыдағы Gorky Tennis Park әлемдегі ең айтулы теннис турнирлерінің бірі Roland-Garros ресми клубы мәртебесіне ие болды.

2025 жылдан бастап қалада 35 ЖОО, 108 команда және 1500 студентті біріктіретін студенттер лигасы басталды. Балалардың футбол лигасы жобасы іске асырылуда, оған 8 мыңнан астам бала қатысып жатыр. Жақында Алматыда өткен «Жігер» фестивалі ерекше қажеттілігі бар 1 мыңнан астам қатысушының басын қосты.

Қысқы кезеңде конькимен сырғанау жобасы дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Биыл жыл соңына қарай Алматыда футболдан УЕФА Чемпиондар Лигасын, сондай-ақ күрес түрлері бойынша Қазақстан Республикасының чемпионатын және жасөспірімдер арасында бокстан ел біріншілігін өткізу көзделіп отыр.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



@AQSHAMY_KZ



@TikTok



@AQSHAM_NEWS



www.aqshamnews.kz



9 772223 237006

САРАПТАМА

МӘЖІЛІСТІ АЛАҢДАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕР

Депутаттар қандай сауалдарды көтерді?

2025 жылы 2 қыркүйекте ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылым депутаттары өз жұмысын бастады. Депутаттар IV сессияның қыркүйек-қазан айларында 117 сауал жолдап, қоғамды толғандырған мәселелерді көтерді. Оның ішін 62 депутаттық сауал қазан айында жолданған. Мақалада бұл сауалдардың мазмұнына тереңірек тоқталамыз.

«АМАНАТ» партиясы белсендірек

2025 жылы қазан айында жолданған сауалдардың 28-і «АМАНАТ» фракциясына тиесілі. Яғни барлық сауалдың 45%-ын «аманаттықтар» жолдаған.

«Ақ жол» және «Ауыл» фракциялары тиісінше 11 және 10 сауал дайындаған. Керісінше, ҚХП белсенділігі төмендеген. Ал ЖСДП мен «Respublica» ең аз сауал жолдаған. Фракциялардың белсенділігі жайлы толық ақпарат төмендегі кестеде көрсетілген.

Фракциялар	Сауалдар саны (62)
«АМАНАТ»	28
«Ақ жол»	11
«Ауыл»	10
ҚХП	5
ЖСДП	4
«Respublica»	3
Бір мандатты округтер бойынша сайланғандар	1

Әлеуметтік мәселе басты назарда

Мәжіліс депутаттары қазан айында түрлі мәселе көтерген. Олардың ішінде Экономика, банктер, кәсіпкерлік және салық реформасына қатысты сауалдар көбірек жолданған. 62 сауалдың 19-ы осы бағыттарға



арналған. Бұған салық реформасы және бизнес қауымдастықтың оған реакциясы себеп болуы мүмкін. Қала берді инфляциялық көңіл күй де әсер етті.

Дәстүрлі түрде депутаттар әлеуметтік мәселелерді жиі көтерген. Себебі, еліміз әлеуметтік мемлекет болғандықтан халық қалаулылары бұл бағытқа ерекше мән береді. Сондай-ақ, депутаттар ауыл шаруашылығы мәселелерін де жиі көтерген.

Президенттің биылғы Жолдауы Цифрлы дамуға арналуы Мәжілістің күн тәртібіне де әсер етті. Депуттар цифрлық даму мен қауіпсіздікке қатысты сауалдарды көбейтті. Бұл таңқалатын дүние емес. Себебі, цифрландыру мен ЖИ әлемде жүріп жатқан тенденция.

Мәселенің сипаты	Сауалдар саны (62)
Экономика, банктер, кәсіпкерлік және салық реформасы	19
Әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру	15
Ауыл шаруашылығы	8
Цифрлық қауіпсіздік	7

Серік ЕСМАТОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты:

ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН КҮШ



Тәуелсіздікпен бірге есейіп, егемен елмен бірге қалыптасқан ұрпақ бүгінде елдің жаңа дәуірін айқындап отыр. Сол буынның белсенді өкілдерінің бірі, Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Серік Есма­товпен елдік құндылықтар, жастар саясаты және жеке өмірлік ұстанымдар туралы сұхбаттасқан едік.

Қазіргі жастар жаһандық тұрғыда ойлай біледі

– Серік Аманжолұлы, Сіз тәуелсіздік дәуірінде туған ұрпақтың өкілісіз. «Жаңа Қазақстанның азаматы болу» дегенді қалай түсінесіз?

– Мен бұл ұғымды әрекетке шақыру және азаматтық жауапкершілік ретінде қабылдаймын. Жаңа Қазақстанның азаматы болу – «мемлекет мен үшін» емес, «мен мемлекет үшін» қағидасымен өмір сүру. Бұл абстрактілі ұғым емес, күн сайынғы еңбек пен өзін-өзі жетілдіруді білдіреді.

Біз тәуелсіз Қазақстанның ұрпақтарымыз. Сондықтан біздің міндет – ата-баба мұрасын сақтау, тәуелсіздіктің бастауында тұрған тұлғалардың ерлігін қадірлеу және күш-қайратты әділетті, заманауи, бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағыттау. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Әділетті Қазақстан құру – әр азаматтан белсенді ұстаным мен кемел патриотизмді талап етеді. Нағыз азамат болу – ел игілігі үшін қызмет ету деп білемін.

– Қазіргі жастардың басты құндылықтары мен артықшылықтары неде? Сіздің көзқарасыңызда оларды қандай болашақ күтіп тұр?

– Жастар – уақыт айнасы. Бүгінгі буынға қара­сақ, олардың бейнесінен заманауи қоғамның серпінін көреміз. Олар білімді, технологияны жетік меңгерген, әлеуметтік әділеттілікке бей-жай қарамайтын ұрпақ. Қазіргі қазақстандық жастар – ашық әлемде өсіп келе жатқан, жаһандық тұрғыда ойлай

білетін, сонымен қатар ұлттық болмысын сақтауға ұмтылатын буын.

Жастардың ең басты артықшылығы – білімге қол­жетімділік пен еркін ойлау. Қазір бір ғана ноутбугі бар адам бизнес бастап, инновация жасап, қоғам пікірін өзгерте алады. Бірақ осы мүмкіндіктермен қатар жаңа дәуірдің сынақтары да бар. Ақпараттың үстірт қабылдануы, эмоционалды күйзеліс, әлеуметтік желілердің қысымы... Сондықтан бүгінгі міндет – интеллектуалдық әлеуетті арттырумен қатар, рухани тепе-теңдікті сақтау. Президент саясатында да, «АМАНАТ» партиясы және оның «Жастар рухы» жастар қанаты да жас­тардың үйлесімді тұлға болып қалыптасуына бағытталған жүйелі саясат жүргізіп келеді. Түрлі бағдарламалар, жас кәсіпкерлерге арналған гранттық қолдау, Digital Kazakhstan сияқты цифрлық бас­тамалар – бәрі де өзін-өзі жүзеге асырудың нақты тетігі. Меніңше, қазақстандық жастар дайын игіліктерді тұтынудан бөлек, елді өзгертетін белсенді күшке айналуы тиіс. Өйткені он, жиырма жылдан кейінгі Қазақстанның келбеті – дәл осы буынның азаматтық жауапкершілігі мен моральдық кемелдігіне тікелей байланысты.

Қоғамның қолдауы кез келген кедергіні еңсереді

– Мәслихат депутаты ретінде Сіз жастардың бастамалары мен идеяларын қалай қолдайсыз?

– Жастарды қолдау – менің депутаттық қыз­метімнің негізгі стратегиялық бағыты. Себебі, бүгінгі ұрпақтың құндылықтары – елдің ертеңгі тұрақтылығы-

Мәдениет	4
Туризм	2
Кеден және шекара	2
Өзге мәселелер	5

62 сауалдың бәрі қоғамда қызу талқыға түсті деп айта алмаймыз. «АМАНАТ» партиясы көтерген дип­фейктермен күрес, пранк жасаушылар мен жалған коучтардың іс-әрекетіне құқықтық баға беру мәселе­лері әлеуметтік желіде жиі талқыға түскенін байқаймыз. Бұл тақырыптар билеуші партия тарапынан хайптың ізімен жүру болып көрінуі мүмкін. Бірақ халық ішінде бұдан зардап шеккендер өте көп. Сондықтан «аманаттықтардың» сауалдарын популизм деуге кел­мейді.

Фракциялар қай мәселеге мән берген?

«АМАНАТ» билік партиясы ретінде центристтік идеологияны ұстанатынымен ерекшеленеді. Сондықтан барлық саладағы мәселелерді қамтуға күш сала­ды. Десе де, қазан айында әлеуметтік, экономика және салық, цифрлық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше мән берген.

Ал «Ақ жол» оңшыл бағыттағы партия ретінде өз жұмысында кәсіпкерлікті және кәсіпкерлерді қорғай­ды. Соңғы бір айда өз бағытынан айныған жоқ. Салық реформасына өз ұстанымын білдіріп, кәсіпкерлерді қолдауға арналған бастамалар көтерді.

«Ауыл» партиясы фракциясы өз сауалдарында ауыл шаруашылығы мәселелерін, оның ішінде шаруа­ларды субсидиялау, су тақырыптарын көтерді. Ал ҚХП солшыл партия болғандықтан әлеуметтік мәселелерге аса мән берді.

ЖСДП мен «Respublica» фракцияларының сауалда­рынан тұрақты әлеуметтік базасы қалыптаспағанын байқауға болады.

Қорыта айтқанда, Мәжіліс депутаттары мен фрак­циялар жаңа саяси маусымды бел­сенді бастады. Түрлі мәселелерді көтеруде. Десе де, кейбір партияларға белсенділікті арттыру қажет.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ның кепілі. Менің жұмысым инклюзия, рухани-адамгершілік даму, мәдениет, спорт және қоғамдық бірлік бағыттарына негізделген. Инклюзияны әлеу­меттік ұғымнан бөлек, адамгершіліктің философиясы ретінде қабылдаймын. Бұл мүмкіндігі шектеулі жан­дармен қатар, өзін қоғамнан шет сезінетін әр адамға қатысты. Өз тәжірибемнен білемін: қоғам қолдау көрсетсе, кез келген кедергіні еңсеруге болады. Сон­дықтан Алматыда қолжетімді орта қалыптастыру ба­ғытында жұмыс істеп келемін. Осы орайда «АМАНАТ» партиясының «Кедергісіз келешек» бастамасын – адамға деген құрметтің нақты көрінісі деп санаймын.

– Сіздің ойыңызша, цифрлық дәуірде жастар ел дамуына қалай үлес қоса алады?

– Бүгінде білім мен технология баршаға қол­жетімді. Технология, ол – құрал. Ең бастысы – сол құ­ралды қоғамның нақты мәселелерін шешуге пайдала­на білу керек деп санаймын. Жастар IT, экология, білім және медицина салаларында тың идеялар мен инно­вациялық стартаптар арқылы елдің дамуына серпін бере алады. Мемлекет те бұл бағытта қолдау көрсетіп отыр. «Digital Kazakhstan», «Бизнес–2025» секілді бағдарламалар – соның айқын дәлелі. Дегенмен, та­быстың түпкі кілті – ішкі мотивацияда. Негізгі мақсатты пайда табуға емес, қоғамға шынайы пайда әкелуге үлес қосу керек.

– Өз замандастарыңыз бен келер ұрпаққа жеткізгіңіз келетін өмірлік ұстанымыңыз қандай?

– Менің қағидам қарапайым. Күшті – жақсылыққа, сынақты – рухани өсуге жұмсау. Өмір жолымда ауыр сәттерден де өттім, жеңістерге де жеттім. Сол үшін әрбір жаңа күннің қадірін жақсы білемін. Мен үшін ең маңыздысы – қолдау мен шабыт. Қолдау дегеніміз – материалдық көмектен бөлек, адамға сену, оның жаңа өмір бастауына мүмкіндік жасау. Ал шабыт – сол сенімнің жалғасы. Яғни қолдау көрсетсең – шабыттан­дырасың, шабыт берсең – демеу боласың. Біз – өз уақытымыздың көзге көрінбейтін қаһармандары­мыз. Адамгершілік кез келген қиындықтан биік екенін өз ісімізбен көрсете білейік. Дүниені мейірімді, әділ ету – біздің өз қолымызда. Егер сіздің ықпалыңызбен бір адам болсын өмірінің мәнін қайта сезінсе, демек, сіздің миссияңыз орындалды деген сөз.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет.

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҚОЛМА-ҚОЛ АҚША

жойылып барады

Алматы – елдің қаржы-лық орталығы әрі цифрлық экономиканың алдыңғы шебінде тұрған қала. Мұнда шағын және орта бизнес субъектілерінің басым бөлігі қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесіне толық көшуде. Соңғы жылдары жалпы еліміз бойынша төлем жасау тәсілі түбегейлі өзгеріп, қаржы айналымының құрылымы жаңа деңгейге көтерілді. Бұрын қолма-қол ақшамен есеп айырысу басым болса, бүгінде мегаполис тұрғындары мен кәсіпкерлердің көпшілігі банк картасы мен QR-код арқылы төлеуді әдетке айналдырған. Қай салада болмасын – базар мен сауда орталықтарында, қоғамдық көлікте, дәмхана мен шашта-разда – барлығы цифрлық төлем жүйесіне көшіп келеді.



жоқ, есеп айырысу жылдам және қауіпсіз. Саудагерлер үшін де, сатып алушылар үшін де ыңғайлы жағдай қалыптасқан.

Цифрлық төлем жүйелері: интернетке тәуелділік

Қазіргі жастар мен жасөспірімдердің басым бөлігі қолма-қол ақша ұстамайды. Мобильді банкинг арқылы төлем жасау, ақша аудару, тіпті қалта ақша алу да смартфон арқылы жүзеге асады. Мектеп оқушылары мен студенттер де картамен немесе QR арқылы төлеуді қалыпты жағдай ретінде қабылдайды. Цифрлық төлем жүйелерінің кеңеюі интернетке толық тәуелділікті арттырды. Қосымшалар уақытша істемей қалған жағдайда сауда мен қызмет көрсету саласында қиындықтар туындайтыны байқалады.

Қазіргі жағдайда Қазақстан біртіндеп қолма-қол ақшасыз қоғамға бет алып келеді. Мемлекеттік мекемелер мен бизнес саласында цифрлық төлемдер басымдыққа ие. Электронды кассалар, онлайн түбіртек жүйелері мен мобильді банктер экономиканың барлық деңгейіне енгізілуде. Цифрландыру үрдісі қаржы айналымын жеңілдетіп, есептілікті нақтылауға мүмкіндік беріп отыр.

• **Қазақстанда 2025 жылдың 6 айында қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі 100,7 трлн. теңгеге жетіп, бір жылда 20 пайызға артқан. Ұлттық банктің мәліметінше, барлық транзакцияның 98 пайызы қолма-қол ақшасыз форматта жасалған, ал QR-код арқылы төлемдер POS-терминалдарды көш бастап тұр.**

Есеп айырысу жылдам әрі қауіпсіз

Цифрлық төлем тәсілдері 2020 жылдан кейін кеңінен тарала бастады. Пандемия кезеңінде байланыссыз төлемге сұраныс күрт артты. Қазір тіпті шағын сауда нүктелерінің өзінде QR-код арқылы төлем қабылдау жүйесі орнатылған. Ірі банктер өз жүйесін дамытып, әрбір пайдаланушыға төлем жасаудың ыңғайлы жолдарын ұсынды. Телефон қосымшалары арқылы азық-түлік алу, коммуналдық қызмет ақысын төлеу, тіпті көлікке отыру – барлығы бірнеше секундта орындалады.

Бүгінде еліміздің барлық өңірінде QR төлем кеңінен енгізілген. Тіпті үлкен қалалар да базарлар мен дүкендерде сатушылардың басым бөлігі қолма-қол ақшаны қабылдамай, тек QR арқылы есептеседі. Көптеген кәсіп иелері мұндай жүйенің тиімділігін айтады: кассаға дейін барудың қажеті

БРИФИНГ

АЗАМАТТАР МЕН БИЗНЕС ҮШІН

салық жүйесі ашық, әділ әрі ыңғайлы бола түседі

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде 2025 жылдың 18 шілдесінде қол қойылған жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Бұл – салық реформасының маңызды кезеңі. Оның мақсаты – салық жүйесін азаматтар мен бизнес үшін ашық, әділ және ыңғайлы ету.



Нұржамал Әліш

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында салық режимдерін оңайлату, есептілікті қысқарту, басым салалар үшін салық ставкаларын төмендету, әкімшілендіруде жеңілдіктер және мүлік пен акциз салықтарына қатысты жаңа ережелер туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшылары айтып өтті.

Олардың айтуынша, реформа аясында салық режимдері оңайлатылады: жеті арнайы режимнің орнына тек үшеуі қалады – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар (ЖК тіркеусіз, айлық табысы 300 АЕК-ке дейін), шағын бизнес (жеңілдетілген декларация негізінде, жылдық айналым лимиті 600 000 АЕК және ставкасы 4%) және шаруа қожалықтары үшін. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар табысының 4%-ы мөлшерінде бірыңғай салық төлейді, оған барлық міндетті төлемдер кіреді, есеп тапсырудың қажеті жоқ – барлығы мобильдік қосымша арқылы жүзеге асады.

Салық есептілігінің көлемі де айтарлықтай азаяды: 39 нысанның 12-сі жойылады, кейбірі біріктіріледі. Жүйе салықтың сомасы мен төлеу мерзімін автоматты түрде көрсетіп отырады. Егер есеп уақытылы тапсырылмаса, ол айыппұл салусыз нөлдi болып есептеледі және кейін түзету енгізуге мүмкіндік беріледі.

Негізгі салықтар бойынша да өзгерістер бар. Корпоративтік табыс салығының базалық мөлшерлемесі 20% деңгейінде қалады, бірақ жеңілдіктер енгізіледі: ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін – 3%, әлеуметтік сала үшін – 2026 жылы 5%, 2027 жылдан бастап 10%. Банктер мен ойын бизнесі 25% төлейді. Жеке табыс салығы прогрессивті болады – табыс деңгейіне қарай 10% және 15%, ал базалық шегерім 30 АЕК-ке дейін ұлғаяды. Мүгедектер мен Ұлы Отан соғысы қатысушыларына әлеуметтік жеңілдіктер 5000 АЕК-ке дейін белгіленді. Қосылған құн салығы мөлшерлемесі 16%-ға дейін өседі, бірақ дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтер үшін төмендетілген 5% мөлшерлеме сақталады. ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі – 10 000 АЕК, бұл 2026 жылы бұл 43,2 млн. теңгеге тең.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бауыржан ЫСҚАҚ,
экономист:

Қаржы ағымын бақылау жеңілдейді

Жалпы, қолма-қол ақшаның оң әсеріне тоқталатын болсақ, ең алдымен ол экономиканың ашықтығын арттырады. QR және банк картасы арқылы төлемдердің көбеюі көлеңкелі айналымды азайтады. Яғни табыс пен айналымның көбі цифрлық түрде тіркелетіндіктен, салық түсімдері артып, бюджетке қосымша кіріс түседі. Екіншіден, қаржы ағымын бақылау жеңілдейді. Цифрлық төлемдер арқылы Ұлттық банк пен Үкімет ақша айналымын нақты қадағалай алады. Бұл инфляцияны болжауға және ақша массасын тиімді реттеуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, азаматтар мен бизнес үшін ыңғайлы. Цифрлық төлемдер жылдам, қауіпсіз және есеп беруді жеңілдетеді. Қаржылық инклюзияның кеңею мүмкіндігі де бар: ауылдық жерлерде интернет пен мобильді банкинг арқылы адамдар банк қызметтеріне қол жеткізе алады. Бұл халықтың қаржылық сауаттылығын арттырады.

Алайда, теріс әсері мен тәуекелдері де бар. Бірінші кезекте цифрлық тәуелділік пен киберқауіпсіздік мәселесін айтуға болады. Қолма-қол ақшасыз жүйе интернетке тәуелді. Яғни кибершабуыл, техникалық ақау немесе жүйелік істен шығу кезінде төлемдердің тоқтап қалуы әбден мүмкін. Сондай-ақ, ақша айналымының баяулауына әсер етеді: барлық операциялар банк жүйесі арқылы өтетіндіктен, кей жағдайларда комиссиялар мен төлемдер көбейеді. Бұл шағын бизнеске қысым болуы ықтимал. Бұдан

бөлек, қаржы еркіндігінің шектелуі байқалады – барлық операциялар бақылауда болғандықтан, азаматтардың жеке қаржы құпиясы азаяды. Жалпы, қолма-қол ақшасыз айналымның көбеюі – заманауи экономиканың дамуындағы табиғи кезең. Қазақстан үшін бұл үрдіс бюджет кірісін арттыруға, көлеңкелі экономиканы қысқартуға және қаржы жүйесін ашық әрі икемді етуге мүмкіндік береді.



Мұрат ТОЛҚЫНБАЙ,
қаржыгер:

Екі жүйенің тепе-теңдігін сақтау маңызды

Қолма-қол ақшаның айналымнан азаюы – қазіргі заманның табиғи процесі. Бүгінде цифрлық төлемдер мен онлайн банкинг қаржы жүйесінің ашықтығын арттырып, көлеңкелі экономиканы қысқартуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл мемлекет үшін тиімді, себебі барлық ақша қозғалысы бақылауға алынып, салық түсімдері артады.

Дегенмен, толықтай қолма-қол ақшадан бас тарту белгілі бір тәуекелдерге де әкеледі. Біріншіден, жүйе интернетке тәуелді болғандықтан, кез келген техникалық ақау немесе кибершабуыл кезінде төлемдердің тоқтап қалу қаупі бар. Екіншіден, азаматтардың жеке деректері мен қаржылық құпиясының қорғалуы өзекті мәселе болып қала береді. Сондықтан менің ойымша, цифрлық төлем жүйесін дамыту барысында қолма-қол ақшаны толық жою емес, екі жүйенің тепе-теңдігін сақтау маңызды. Бұл халыққа да, бизнеске де ыңғайлы әрі қауіпсіз қаржы айналымын қамтамасыз етеді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ШЫҒЫСТЫҢ ДӘМІ – ШАҢАР ТӨРІНДЕ

**Қалада Шығыс Қазақстан
фермерлерінің ауылшаруашылығы
жәрмеңкесі өтті**

Әр аптаның соңында ұйымдастырылатын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері қала тұрғындары үшін тиімді сауда алаңына айналды. Бұл жолы алматылықтарға өз өнімдерін ұсынуға Шығыс Қазақстанның фермерлері келді. Жәрмеңке Қазыбек би көшесінде, Панфилов пен Абылай хан көшелерінің аралығында ұйымдастырылды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Таңғы сауда баяу басталғанымен, түске қарай жәрмеңке қыза түсті. Біз оны сөмкелерін толтырып, риза көңілмен қайтып жатқан жұрттың жүзінен байқадық.

Жәрмеңке сөрелерінде шығыстың әйгілі балынан бастап, табиғи сүт өнімдері, май, құрт, қымыз, ет пен көкөністің сан түрі самсап тұр. Әсіресе, Катонқарағайдан келген бал мен прополис, пантокрин мен ара тозаңына сұраныс жоғары. Әр келуші өз денсаулығына пайдалы дүниені алуға тырысып, сатушылармен жылы әңгіме құрып жатыр.

Мәселен, Аягөзден келген Ләззат Мусаева сүт өнімдерін сатуға келген. «Бізді осы жәрмеңкеге шақырғанда қуана келістік. Алматы жұртының талғамы жоғары, бірақ сонымен қатар сапалы өнімді бағалай біледі. Май мен құрт жақсы өтіп жатыр. Кеш батқанша бәрін сатып, елге жеңіл қайтсақ деген үмітіміз бар», – дейді күлімдеп.

Келушілердің көбі жәрмеңке жайлы газет беттерінен, әлеуметтік желіден және таныстарынан естіп келген. Алматылық Марина Матхасова да осындай тұрақты сатып алушылардың бірі:

– Бұл жердің бағалары мен сапасы көңілге қонымды. Ең бастысы – өнім тікелей өндірушіден

келеді. Бүгін ет пен бауыр алдым. Көк базардағыдан едәуір арзан. Осындай шаралар жиі ұйымдастырылса, жұрт та ұтады, фермерлер де риза болады, – дейді ол.

Шығыс қазақстандық бал өндіруші Сергейдің де пікіріне құлақ түрдік. «Біз балдың барлық табиғи өнімдерін алып келдік. Ара тозаңы мен пантокринге сұраныс жоғары. Бұл өнімдер иммунитетті көтереді, ағзаны сергітеді. Көпшілік қызығып, алып жатыр. Осындай тікелей сауда – нағыз халыққа пайдалы іс», – дейді фермер.

Шығыстың балы мен етін іздеп келген Ілияс Сыдықов былай дейді:

– Әр демалыс сайын келеміз. Осындай жәрмеңкелер көп болса екен. Бағалары тиімді, таңдау көп. Міне, үйге ет, бал, сүт алдық. Тіпті көршілерге де хабар жазып жібердік, үлгерсін деп. Балдың келісін 2000 теңгеден алдым. Таза өнім. Ал ет 3000 теңгеден сатылып жатыр. Мұндай мүмкіндік жиі бола бермейді.

Қаланың жеке секторында тұратын көптеген отбасы қыс қамын жасап, картоп, пияз, сәбіз секілді көкөністерді қап-қаптап алып жатқанын байқадық. – «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, үйдің жертөлесін толтырып алсақ, көңіл тыныш, – дейді алматылық зейнеткер Шынар апай. – Мұнда бағасы базардан әлдеқайда арзан, әрі өнім сапасы да жақсы.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қолжетімді бағада алу бүгінде қала тұрғындары үшін өте тиімді. Мұндай жәрмеңкелер бір жағынан – алматылықтарға арзан әрі сапалы азық-түлік алу мүмкіндігін берсе, екінші жағынан – ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз өнімін тікелей тұтынушыға ұсынуға жол ашады.

АЛМАТЫ ҚЫС МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Коммуналдық қызметтер күшейтілген режимге ауысты

(Басы 1-бетте)

«Алматы Тазалық» кәсіпорнының жүргізушілері, механизаторлары және жұмысшылары тәулік бойы кезекшілік атқарады. Қар түспей тұрып, магистральды көшелерге алдын ала сұйық реагенттер себіледі. Қазіргі таңда қалада 204 құм шашқыш техника дайын тұр.

Жалпы, тәулік бойғы жұмысқа 580 арнайы техника мен 2500-ден астам жұмысшы тартылған. Аулаішілік аумақтарды тазалауға 307 техника мен 1500 жұмысшы, ал саябақтар мен скверлерді күтіп ұстауға 550 техника мен 1900 қызметкер қатысады. Қала жолдарындағы көктайғақтың алдын алу және уақытылы тазалау мақсатында 75 патрульдік бригада кезекшілік етеді.

Сонымен қатар, Алматы қаласының Құтқару қызметі де күшейтілген режимде жұмыс істейді. Қызмет құрамында 1 ассенизатор көлігі, 15 мотопомпа және 50 құтқарушы бар. Аудан әкімдіктерінде коммуналдық жұмыстардың барысын бақылау және түрлі қызметтердің



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өзара іс-қимылын үйлестіру үшін тәулік бойғы кезекшілік ұйымдастырылған.

Қар тазалау кезінде жол бойында немесе жиекте тұрған көліктерді уақытша көшіру мақсатында 63 эвакуатор мен манипулятор (Полиция департаментінен – 13, Құтқару қызметінен – 20, «Алматы паркингтен» – 30) жұмылдырылады.

● **Тұрғындар назарына:** Көктайғақ кезінде қала тұрғындарынан барынша сақ болуды сұраймыз;

● **Көлік жүргізушілеріне:** Қозғалыс жылдамдығын азайтып, қауіпсіз арақашықтықты сақтау, жол жүргенде байыпты әрекет етіп, жол көлік оқиғаларын болдырмауға күш салуға шақырамыз;

● **Жаяу жүргіншілерге:** Тротуар мен өткелдерде абай болуға, табаны таймайтын аяқкиім киіп, сақ жүруге кеңес береміз.

Әзірлеген
Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

«Таза Қазақстан»:

АЮСАЙДА АУҚЫМДЫ СЕНБІЛІК ӨТТІ

Алматы қаласының мамандандырылған экологиялық прокуратурасы мен қалалық Экология және қоршаған орта басқармасы «Іле Ала-тауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркімен» бірлесіп, Аюсай шатқалында экологиялық сенбілік өткізді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мақсат – табиғи аумақтарды таза ұстау, адамдардың экологияға деген мәдениетін көтеру. Ұлттық саябақтың аумағы тұрмыстық қалдықтардан тазартылып, жиналған қоқыс полигонға шығарылды. Сенбілікке мемлекеттік органдардың өкілдері, экологиялық ұйымдар, студенттер мен белсенді жастар қатысты.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының Қалдықтарды басқару



Суреттерді түсірген Кайрат КОНЫСБАЕВ.

бөлімінің бас маманы Еркебұлан Ертайұлының айтуынша, жыл басынан бері Алматы қаласы бойынша 300-ден астам экологиялық іс-шара ұйымдастырылған. Олардың қатарында сенбіліктер, тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинау акциялары, пластикалық бөтелкелер мен қақпақтарды жинауға арналған «Мейірімді қақпақ» секілді экологиялық бастамалар бар.

– Сенбіліктерді біз қала аумағында ғана емес, тау шатқалдарында да жиі өткіземіз. Көбіне ұлттық саябақтар мен табиғи аумақтардың өтініші бойынша ұйымдастырылады, – деді ол.

Ал эколог Евгений Мұхамеджановтың айтуынша, табиғатты қорғау мен тазалықты сақтау әркімнің ішкі мәдениеті мен өмірге деген көзқарасына байланысты.

– Өзін сыйлайтын, өзін құрметтейтін адам ешқашан қоқыс

тастамайды. Экологиялық мәдениет – тек табиғатты қорғау емес, ол қоғамның өзіне және болашағына деген құрметінің көрінісі. Сондықтан ұрандар мен плакаттардың қажеті шамалы, – деп санайды эколог.

Сондай-ақ, ол кейінгі жылдары Алматы қаласында экологиялық мәдениет едәуір жақсарғанын атап өтті. Айтуынша, өзі экология мәселесімен айналысқан жеті жылдан бері қалада айтарлықтай өзгерістер болған. Қала көшелерінде тазалық сақтауға тұрғындардың өзі де дағдыланып келеді. «Тіпті қазір сенбілік өткізетін орын да табылмай қалып жатады», – дейді эколог қуанып.

– Мүмкін, тағы он жылдан кейін бәріміз бір реттік пластикті қолданбай, өз ыдысымызды алып жүретін боламыз. Міне, нағыз мәдениетті қоғамның көрінісі осы, – дейді Евгений Мұхамеджанов.



МӘСЛИХАТ

ТАРИХИ КЕЛБЕТІ САҚТАЛАДЫ

Қаладағы білім беру нысандарын қайта құру мәселесі талқыланды

Алматы мәслихатының ұйымдастыруымен білім беру нысандарын реконструкциялау мәселесіне арналған кеңейтілген отырыс өтті. Жиынға Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, салалық басқармалардың өкілдері және Алматы қаласының Азаматтық альянсының мүшелері қатысты.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Күн тәртібінде Қ.Сәтбаев атындағы №56 гимназиясын қайта құру мәселелері қаралды. Сондай-ақ, тарихи және сәулеттік маңызы бар нысандарды қоса алғанда, реконструкциялауға жататын мектептердің тізімі талқыланды. Басқосуда қатысушылар тарихи және сәулеттік маңызы бар ғимараттарды жаңарту кезінде қоғаммен ашық диалог орнату қажеттігін ерекше атап өтті.

Жиын барысында айтылған пікірлерге сүйенсек, мұндай нысандарды жаңғырту жобалары кемінде алты ай бұрын тұрғындарға таныстырылуы тиіс. Бұл уақыт аралығында жұртшылық ұсыныстарын айтып, сарапшылар мен қоғам белсенділері өз пікірін білдіруі үшін жағдай жасалады.

Естеріңізде болса, жақында әлеуметтік желіде №56 гимназиясының тарихи келбеті бұзылып жатқаны туралы ақпарат

тарады. Кейін қалалық Құрылыс басқармасы ақпараттың шындыққа жанаспайтынын мәлімдеген еді. Оқу ордасында қазір сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқанын хабарлады. Жиын барысында жауапты мамандар ғимараттың тарихи қасбеті сақталатынын атап өтті.

«Бүгінгі басты мәселе – жергілікті бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды. Осыған байланысты біз Қ.Сәтбаев атындағы №56 гимназияға барып, жағдаймен таныстық. Аталған мектептің ғимараты ескі, сондықтан оқушылардың қауіпсіздігі мен оқу жағдайын қамтамасыз ету үшін жедел түрде реконструкция қажет. Дегенмен, бұл нысанның тарихи және сәулеттік тұрғыдан құндылығы бар екенін де ескеруіміз керек. Кейбір тұрғындар мен ата-аналар ғимараттың мәдени мұра ретінде сақталуын сұрап отыр. Сондықтан бүгін осы мәселені жан-жақты талқылап, барлық тараптың пікірін ескере отырып, оң шешім қабылдауымыз қажет деп санаймын», – деді Алматы қалалық мәслихатының төрағасы Мейіржан Отыншиев.

Алматы қаласы Құрылыс басқармасының басшысы Арафат Маратұлы:

«№56 гимназия – тарихи және архитектуралық құндылыққа ие нысандардың бірі. Кешенді техникалық зерттеу қорытындысы бойынша ғимараттың біраз бөлігі тозғаны анықталды. Шатырда ақаулар бар, ал сыртқы қабырғаларда жарықтар пайда болған. Сондай-ақ, ішкі

инженерлік жүйелердің бәрі ескіріп, қазіргі талаптарға сай келмейді. Жоба шеңберінде ғимарат сейсмикалық талаптарға сай жаңғыртылады. Сонымен қатар, жаңа спорт залы салынып, мектеп аумағы мен айналасы абаттандырылады. Ең бастысы, тарихи келбеті сақталып, оқушылар мен мұғалімдер үшін жайлы әрі қауіпсіз оқу орны болады», – деді.

Қоғамдық кеңес мүшесі Марлен Смағұлов қайта құру жұмыстары туралы ашық ақпарат қажет екенін айтты.

«Қазір кейбір нысандарда реконструкция, күрделі жөндеу немесе демонтаж жұмыстары жүргізіліп жатыр, бірақ тұрғындардың көбі бұл туралы білмейді. Егер ақпарат алдын ала жарияланып, қандай мектептер мен әлеуметтік нысандарда жұмыстар басталатыны көрсетілсе, халықтың түсінігі артып, түрлі пікірталас пен негізсіз сын азаяр еді. Кез келген қайта құру жұмыстары басталар алдында барлық ресми ақпарат көздерінде жариялануы тиіс. Мысалы, қай нысанда қандай жұмыс басталады, мердігер компания мен жұмыс қашан басталып, қашан аяқталады – осының бәрі нақты көрсетілуі керек. Мұндай ашықтық қоғам тарапынан сенімді күшейтеді», – деп атап өтті ол.

Талқылау қорытындысы бойынша қатысушылар тиісті ұсыныстар әзірлеп, оларды Алматы қаласының Білім, Құрылыс және Мәдениет басқармаларына, сондай-ақ қалалық мәслихатқа жолдау туралы шешім қабылдады.



(Суретті түсірген автор)

ЖАҢА СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

482 орынды жатақхана пайдалануға берілді

Республика күні қарсаңында Алматыда тағы бір Студенттер үйі пайдалануға берілді. Азаматтық авиация академиясының жаңа жатақханасы студент-жастарға қолайлы жаңа орталық ретінде ұсынылды. Бұл жоба қалалық Жастар саясаты басқармасының қолдауымен, студенттер жатақханасын салу бойынша жобалық кеңсе жұмысы аясында жүзеге асырылды.

Дана
САДЫРҚАН

Жаңа ғимарат – азаматтық авиация саласының болашақ мамандарының тұруына, оқуына және шығармашылық дамуына арналған заманауи кеңістік. Жатақхана заманауи стандарттарға сай салынған: секциялық форматтағы бөлмелер, оқу мен демалыс аймақтары, спорт залы, медициналық кабинет және абаттандырылған аула бар. Алматы қаласы әкімінің жаңадан тағайындалған орынбасары Абзал Нүкенов өзінің алғашқы жұмыс сапарын қаланың әлеуметтік нысандарына аралаудан бастап, Азаматтық авиация академиясының жаңа Студенттер үйіне барған болатын. Қала басшысының орынбасары жатақхананың ішкі бөлмелерін аралап көрді. Ол тұрғын бөлмелерді, коворкинг аймақтарын, демалыс және бос уақыт өткізуге арналған секцияларды тексерді.

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің, Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен 2024 жылы «Қазақстан авиация» мемлекеттік кәсіпорнының әкімшілік-қонақүй кешенін (алаңы 7016,9 м²) Академияның меншігіне беру туралы шешім қабылданды. Бұл өз кезегінде Студенттер үйінің заманауи ғимаратын құруға және қайта құруға мүмкіндік берді.

482 студентке арналған жаңа ғимарат Азаматтық авиация академиясы мен Алматы халықаралық әуежайына жақын жерде орналасқан. Аталған Студенттер үйінің секциялық бөлімінде екі қонақ бөлмесі, жуынатын бөлме және дәретхана бар. Бөлменің әрқайсысы жайлы тұру мен оқуға қажеттінің бәрімен жабдықталған. Бұдан бөлек, спорт залдары, демалыс орындары, медициналық кабинет және абаттандырылған алаңдар – академиядағы студенттік өмірдің дамуына әрі қызықты өтуіне негіз болады.

«Бұл жобаның бірегейлігі оның университет ғимараттарын жөндеудің жаңа механизмін қолдану арқылы жүзеге асырылуында. Бұл тәсіл бізге ғимаратты жөндеуден өткізіп қана қоймай, барлық заманауи талапқа жауап беретін жаңа кеңістікті құруға мүмкіндік берді», – деді Алматы қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбек.

Айта кетейік, бұл жоба жаңартылған ЖОО-ны ғимаратын жөндеу бағдарламасы аясында жүзеге асып жатыр. Бағдарлама аясында жатақханаларды жөндеуге мемлекеттік тапсырыс көлемі бір орынға 182 АЕК-ке дейін ұлғайту қарастырылған. Бұл ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізуге және студенттерге қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

Алматыдағы №224 мектеп өз жұмысын бастады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы Алматыдағы оқушы орнының тапшылығын еңсеруге оң әсерін беруде. Алматыда екінші тоқсанның басталуымен қатар еліміздегі ең үлкен мектептерінің бірі өз жұмысын бастады. Ұлттық жобасы аясында бой көтерген №224 мектеп оқытуды бастап кетті. Заманауи білім ордасы 2500 оқушыға арналған.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сыйымдылығы 2500 оқушыға арналған жаңа мектеп – еліміздегі ең үлкен жалпы білім беру мекемелерінің бірі. Соңғы үлгіде бой көтерген мектеп ғимараты 10 блоктан тұрады. Заманауи мектеп ғимаратында балаларға жан-жақты әрі сапалы білім беруге толық мүмкіндік жасалған. Мұнда 540 орынды мәжіліс залы, 800 орынды заманауи асхана, 4 спорт залы және ашық спорт алаңдары бар.

Сонымен қатар, заманауи жабдықталған STEM зертханасы, IT, робототехника, нанотехнология, биотехнология, химия, физика және биология кабинеттерімен қоса, «Үй мәдениеті», «Тамақтану мәдениеті», «Технология дизайны» шеберханалары да жұмыс істейді. Мектеп ішінде қозғалысы шектеулі балалардың да жағдайы ескеріліп, коворкинг аймақтары және жедел сатыларда арнайы шарт-жағдай жасалған.

Сондай-ақ, жаңа білім ордасының өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мұндағы басты ерекшелік-мектептің кәсіби бағдар берудегі заманауи мүмкіндігі. Солардың бірі – «Мансап компасы» атты цифрлық платформасы арқылы 7-сыныптан бастап бейіндік бағыттар енгізілген. Бұған қоса,



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

әр оқушыға жеке тәлімгер бекітіліп, Цифрлық оқыту, инновациялық кабинеттер мен шығармашылық студиялар арқылы ХХІ ғасыр дағдылары дамытылады.

Жалпы, Алматы қаласында 1 қыркүйектен бері 12 жаңа мектеп ашылды. Ал Республика күні қарсаңында 8 жаңа мектеп ашылса, оқу жылы барысында олардың саны толығып, барлығы 24 жаңа мектеп ашылатын болады. Олардың 21-і «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынып жатыр.

Медеу ауданында орналасқан, жобалық қуаты 2 мың оқушы орны болатын №220 жалпы білім беретін мектеп, Наурызбай ауданындағы «Құрамыс» ықшамауданындағы №219 жалпы білім беретін мектеп те есігін аяқара ашты. Білім ордасы 1500 оқушыға арналған. Мұнда 79 оқу кабинеті бар. Биыл 1-сыныпқа 80 оқушы қабылданды. Дәл қазір оқу-тәрбие үдерісін 26 педагог жүргізеді. Сондай-ақ, Наурызбай ауданының «Шұғыла» ықшамауданында орналасқан

№221 жалпы білім беретін мектеп 2500 оқушы орнын қамтитын 125 оқу кабинеті бар. Мектепке 1722 оқушы қабылданса, жоғары кәсіби деңгейге ие 74 педагогпен қамтамасыз етілген.

Жақында Алатау ауданында орналасқан №222 жалпы білім беретін мектеп те ашылды. Білім ордасында 2 мың оқушы орнын қамтитын 96 оқу кабинеті бар. Бүгінде 700 оқушы қабылданды. 1-сыныпқа 41 бала қабылданған. Білім беру үдерісін 44 педагог жүргізеді. Барлық жаңа мектеп заманауи жабдықтармен, кең сыныптармен, спорт және шығармашылық залдармен, сондай-ақ еңбек кабинеттерімен қамтамасыз етілген. Қазіргі таңда Алматы қаласының дамуы аясында жергілікті бюджет есебінен 550 орынды тағы бір мектептің құрылысы жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, Алатау ауданында 900 орынды «Абырой» жеке мектебін және Наурызбай ауданында 1200 орынды жаңа жеке мектепті сатып алу жоспарланып отыр.



ӨНЕРДІҢ ӨЗ ӨКІЛІ

Қанат Әмірханов – қазақ өнерінің шырақшысы, әуеннің өзегін жүректен іздейтін тұлға. Жанынан шыққан әр дыбысты тұңғыық ой мен терең сезімнің бір көрінісі есебінде қабылдайтын дара өнер иесінің есімі халық арасында әнші ғана емес, сазгер, күйші ретінде де әйгілі. Өнерде де, өмірде де өз жолын, өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған Қанат Әмірхановтың әрбір шығармасы – қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің үнін жаңғыртып, бүгінгі күнмен үндестіріп, тыңдарманын елітіп әкетеді. Жуырда өнер иесі өзінің «Қанаттың қарлығаштары» атты 4 жылдық есеп беру кешін өткізді. Осыған орай Қанат мырзаның өзімен тілдесіп, оның өнер жолында бағындырған белестері әрі шығармашылық концерті жөнінде кеңінен сұхбаттасқан едік.



ӨНЕР АДАМЫ СЕЗІМГЕ БАЙ

– Қанат мырза, сіздің музыка әлеміне, сахнаға келуіңіз қалай басталды? Шығармашылық жолдағы алғашқы қадамдарыңыз бен ішкі сезімдеріңіз қандай болды?

– 1985 жылы 1 қарашада Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Жанама ауылында дүниеге келдім. Өнер әкем мен анамнан берілген. Әкемнің анасы – апамыз айтыскер ақын, атамыз шежіреші болыпты. Мектеп қабырғасында 5-6 жасымда домбыра ұстап, кез келген концерттік кеште ән шырқап, «Әнші балапан» сынды байқауларға қатыстым. Облыстық кезеңдерде жүлделі орындарға ие болдым. Өнер адамы сезімге бай болғандықтан, қайда жүрсек те, қолымызға домбыра ұстап, ән айтқымыз келеді. 2001 жылы 9-сынып бітірген соң Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық Эстрада-цирк колледжіне оқуға түстім. Қайрат Байбосыновтың сыныбына қабылдандым. Көптеген тұлғаның алдынан өтіп, тәлім алдық. Сөйтіп, колледж қабырғасында алғашқы әндерім шыға бастады. Кез келген әнде ұлттық сарын сезілуі керек. 2004 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына түстім. 2018–2020 жылдары осы консерваторияда магистратура оқыдым. Ғылыми жетекшім – PhD докторы Амангелді Ұзақбайұлы.

– Естүімше, 30-дан аса әннің авторы екенсіз. Белгілі әншілердің репер-



Қанат ӘМІРХАНОВ:

КЕЗ КЕЛГЕН ӘНДЕ ҰЛТТЫҚ САРЫН СЕЗІЛУІ КЕРЕК

туарына енген әндер жайлы айта кетсеңіз. Негізінен, өзіңізге шабыт беретін, ерекше әсер қалдыратын өнер адамдары бар ма?

– 30-дан аса ән жаздым. 2015 жылы 30 жасқа толғанымда Жазушылар одағының залында ең алғашқы шығармашылық концертімді бердім. «Сағыныш» атты әнімді Нұрғали Нүсіпжанов, Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Жырым көп әлі менің жазылмаған» атты әнімді Рамазан Стамғазиев орындады. «Қазынам бар» деген әнді досым Бейбіт Мұсаев, «Бүлдіршін» атты күйімді Жігер Бертісов орындады. Ләззат Байырбекова Дархан Құдайбергеновтың сөзіне жазылған «Бауырларым» туындысын, Нұрлан Албан «Ауылым» әнін шырқады. Өнерде жүрген аға-бауырларымыз атсалысып, «Ақ мамлық еркем» атты ұнтаспан шықты. Қателеспесем, сол кезде Нұрғали Нүсіпжанов «жүз сегізінші композиторым болдың, Қанат», – деп батасын берді.

ҰЛТТЫҚ САЗ БЕН ҮН БҰЗЫЛМАУЫ ТИІС

– Алматы қаласында екі өнер орталығыңыз бар екен. Мұны бірі білсе, бірі біле бермейді. Сол туралы кеңінен тарқатып айтсаңыз.

– Біріншісі – Qanat oner-bilim ortalagy. 2021 жылы Жетісу ауданы, «Көкжиек» ықшамауданында ашылдық. Екіншісі – осы орталықтың екінші филиалы. 2025 жылдың 1 қазан айынан жұмысын бастады. Орталықта 300-ден аса оқушы, 6 үйірме бар: дзюдо, домбыра, вокал, актерлік шеберлік, би, ораторлық өнер бойынша жұмыс істеп жатырмыз.

– Сіздің ойыңызша, қазіргі музыканың дамуы мен дәстүрлі өнердің үйлесімі қалай болуы керек?

– Эстрадалық бағыт пен ұлттық өнерді алғаш болып қазақ сахнасына «Нұр-Мұқасан» тобы мен «Ұлытау» ансамблі шығарды. Бұл екеуінде де осы формат. Қазіргі музыка мен дәстүрлі өнердің қабысуы ұлттық әуендерімізді жаһандық дең-

гейге шығарса, меніңше ешқандай әбестігі жоқ. Бұл – әннің кең тарауына, өзге ұлттарға да танылуына жақсы дүние. Тек ұлттық саз бен үн бұзылмаса болды.

– Музыка әлеміне саяхаттағанда шабытты қайдан аласыз?

– Кейде көшеде келе жатып, ауылды сағынып кетесің. Кейде қаланың ішіндегі оқиғалар жүректі қозғап жібереді. Кейде әкең мен анаңды, бауырларыңды сағынасың. Міне, мен осындай сезімдерден шабыт аламын. Халық әндері мен ұлттық нақыштағы әндерді сүйіп тыңдаймын. Өйткені, халық әндері адамға ой салады, мотивация береді.

– Алғашқы жазылған шығармаларыңыздың ішінде қайсысы сізге ерекше жақын?

– Келіншегіме арнап жазған «Маржаным» деген әнім бар. 2000 жылдардың басында «Аршын» тобы орындады. Танымал әнге айналып, студенттер арасында хит болды. Бүкіл ел дүрлігіп, айтып кеткен соң ба, әйтеуір осы ән жүрегіме жақын.

КҮЙДІҢ ӨЗІ АДАМДЫ ДҰРЫС ЖОЛҒА САЛАДЫ

– Музыка арқылы қоғамға өзгеріс енгізу мүмкін бе?

– Әрине! Музыка – адам тәрбиелеуші құрал. XIX ғасырларда жыраулар жыры арқылы халықтың тәлім-тәрбиесін түзеп отырды. Қазіргі молдалардың уағыз-насихаты сол кезде жыр арқылы таралды. Сол секілді, музыканың да өзіндік құдіреті бар. Тілі жоқ болса да, құр күйдің өзі адамды дұрыс жолға салады. Абай айтқандай, «әннің де естісі бар, есері бар». Телефонға телмірген ұрпақ бұзақы әуендерді тыңдай берсе, ол адамды түбінде бұзып тынады, қоғамға кері әсер етеді. Соның алдын алу үшін ұлттық музыканы жаңаша кейіпте халыққа ұсыну керек.

– Өмір мен өнердегі басты жетістіктеріңізді атап бере аласыз ба?

– Өнер адамдарының өмірі өнерден алыс емес қой. Жүрген жерімізде домбыраны тастамаймыз. Ең үлкен жетістігім – өнердің арқасында тек жақсы-жайсаңдармен араласқан екенмін. Біреу төрді ұсынса, ол да өнердің арқасы. Небір адамның қолы жете алмай жүрген мықты тұлғалармен дәмдес болыппын. Солармен сырлас болып, аға-бауыр ретінде жанұяларымызбен араласып кетіппіз. Мұның бәрі – өнердің жеңісі. Өнердің арқасында мектеп ашып, шәкірт те тәрбиелеп жатырмыз.

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАМЫЗДЫ НАСИХАТТАСАҚ, ҚАЗАҚ ЖОЙЫЛМАЙДЫ

– Қазақстандағы музыкалық индустрияның бүгінгі жағдайы туралы пікіріңіз қандай? Қандай қиындықтар байқалады? Әсіресе, қазіргі жастардың музыкалық талғамын қалай бағалар едіңіз?

– Музыканың деңгейі көтерілсе, ұлттық музыканы халыққа ұсына білсек, халықтың мәдени санасы өзгереді. Халық өнерлі, ұрпақ тәрбиелі болса әлем бізге мойнын бұрып қарайды. Жаһандану заманында ұрпақты тәрбиелеу тәсілдерін жан-жақты іздеп жатырмыз. Димаш бауырымыз күллі әлемді дүр сілкіндіріп, қазақ деген ұлттың бар екенін мойындатты және өзге ұлтқа қазақтың әнін жатқа айтызып жатыр. Ал рок, поп музыкалары – адамды мезі етеді. 24 сағат тыңдаса, адам есінен адасып, ұрпақ бұзылады. Сондықтан ұлттық музыкамызды насихаттасақ, қазақ жойылмайды.

– «Қанаттың қарлығаштары» атты шығармашылық кешіңізді абыроймен өткіздіңіз. Концерт атауының өзі адамды бей-жай қалдырмады. Есеп беру кешінің бұлай аталу себебі неде? Шақырылған қонақтардың арасында кімдер өнер көрсетті?

– Сахнада Рамазан Стамғазиев пен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 1-курс студенті Нұрдана Тоқтан өнер көрсетті. Ал атауына келсек, әскери журналист, Мемлекеттік «Дарын» сыйлығының иегері Марат Жүнісбеков былтыр 3 жылдық есеп беру концертінде қонақ болған. Ағамыз алған әсерін Фейсбук парақшасына салып, «Қанаттың қарлығаштары» деп тақырып қойған екен. Атау жүрегіме жақын болды. Оның үстіне қарлығаш – пейілі ақ құстардың бірі ғой. Шәкірттерім де мейірімді, өнерге құрметпен қарайтын жандар болып өссе екен деген ниетпен «Қанаттың қарлығаштары» деп атау дұрыс-ақ.

Сұхбаттасқан
Дана
САДЫРҚАН.





АЛМАТЫ – ӨНЕР ОРДАСЫ

ҰЛЫҚПАННЫҢ «АЛАУ СЕЗІМІ»

Өнер сүйер қауым «Той жырының» авторы Ұлықпан Сыдықовпен кездесті

Алматы – қазақ өнерінің ортай-мас алтын қазаны. Бұл шаһар талай өнер жауһары мен өнерпаздың кең әлемге қанат қағар тұғырына айналған. Өткен аптада осы шырайлы қаланың мәдени өмірінде есте қалатын тағы бір ерекше кеш өтті. Күллі қазақтың қуанышына жаршы болған «Той жырының» авторы, ұлттық эстраданың классигіне айналған Ұлықпан Есілханұлы Сыдықов өзінің «Алау сезім» атты авторлық кешін өткізді. Кешті Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы ашты. Бұл күні өнер сүйер қауым, автордың өнердегі әріптестері мен шәкірттері, замандастары ерекше ықыласпен жиналды. «Той жырының» толқынында басталған өнер кеші Ұлықпан Сыдықов атындағы орталықта өтті.

Ұлықпан Сыдықовтың есімі көзіқарақты оқырман мен өнер сүйер қауымға кеңінен таныс. Оның сыршыл жырлары қазақ эстрадасының алтын қорына енген атақты «Той жыры», «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашықпын» сынды әндерге арқау болған. «Алау сезім» әні қыз-жігіттер арасында кең тараған туынды. Кезінде «Жаралы жүрек» кинофильмінде орындалған ән қазірде де жастардың көңілінен көшпейтін лирикалық саз болып сақталған.

Кеш автордың ақындығы мен композиторлығы арасындағы тұтас өрнекті көрсетуге арналған ерекше сәтке толы болды. Нәзік жыр мен ерке әннің үндестігі, ортақ тақырып, ұлттық рух және қазіргі заман тынысымен үндестігі назарда болды. Тек ол ғана емес, сахна декорациясынан бастап, бағдарлама құрылымына дейін, тіпті жарық пен дыбыстардың конструкциясы да автордың рухани әлемі айшықтап тұрды. Кеш шымылдығын ашқан автор поэзиясы мен ән сөздеріндегі сезім, лирикалық мазмұн туралы кеңінен тоқталып, кешті



«Алау сезім» деп атағандағы мақсаты мен де таныстыра кетті.

– Мен өз шығармашылығымда «алау сезім» деген тіркесті жиі қолданамын. Бұл бір ғана сезімді білдірмесі анық. Бір ауыз сөзге жастықты, махаббатты, сезімді сыйдыруға болады, – деген автор студенттік жылдарында «Бәйшешек» әдебиет бірлестігінің құрылуына жетекшілік еткені туралы да әңгімеледі.

Көркем кеш толықтай Ұлықпан Сыдықовтың сөзіне жазылған әндер, әр жылдары жазылған жырларынан құралып, көрерменнің көңілін тербеді. Оның аңызға айналған «Дос-Мұқасанның» негізін қалағаны көпшілікке мәлім. Атақты ансамблдің белді мүшесі Досым Сүлеев кештің маңызына тоқталып, басты мәні тек өнерлі тұлғаның жеке шығармашылық кеші болуында емес, ұлт-

тық эстрада мен жыршылық дәстүрдің бүгінгі кезеңдегі орны мен келешегіне қатысты рухани жаңғыру сәті деп бағалады. Әсіресе, автордың танымал әндері шырқалған сәттерде залда ерекше көңіл күй орнады. Зал толы қонақтар «Той жырын» бірге шырқап, бір дәуірдің шаттық гимнін орындағандай болды.

Түрлі құндылықтар тоғысқан қоғамның да осындай жылылыққа, рухани қажеттілікке зәру екені «Алау сезім» атты бұл кеште де анық байқалды. Әрі өнер иесінің шығармашылығы халқымен етене байланыста болған жағдайда ғана өміршең болатынын дәлелдеді. Аталмыш кеш автордың жеке шығармашылық белсенділігін ғана емес, жалпы ұлттық мәдениетке, көрерменмен диалогқа, музыкалы-әдеби форматтың жаңаруына да зор үлес қосты.

«АТАМҰРА» – ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК БАСПАСЫ!

Еліміздегі жетекші баспалардың бірі – «Атамұра» корпорациясы тағы бір мәртебелі марапатқа ие болды. Республика күніне орай өткен байқау қорытындысында баспа «Жылдың үздік баспасы» атанды. Марапатты Қоғамдық марапаттар жөніндегі республикалық кеңес пен «Уақыт таңдауы» агенттігі бірлесіп табыс етті.

Бүгінде «Атамұра» сапалы өнімімен дараланып, отандық баспа саласының көшбасшысы саналады. Көп жылдар бойы баспа оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, көркем және ғылыми әдебиеттер, энциклопедиялық басылымдар шығарып келеді. Ұлттық идеологияны дамытуға қосқан үлесі де айрықша. «Атамұраның» ерекшелігі – авторлық құқықты құрметтеп, оны өз авторында қалдыруында. Жыл сайын қазақ, орыс және шетел тілдерінде жалпы 1,5 миллионнан астам дана кітап пен кітапша, сондай-ақ 50 миллион дана полиграфиялық өнім шығарылады.

Баспаның танымал серияларының қатарында «Атамұра кітапханасы», «Мектеп



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

кітапханасы», «Менің тұңғыш кітапшам» жобалары бар. 2002 жылдан бері «Атамұра кітапханасы» аясында 200-ден астам белгілі ақын-жазушылардың шығармалары жарық көрді.

Тәуелсіздік жылдары «Атамұра» жаңа буын оқулықтарын әзірлеуге де зор үлес қосты. Марапат табыстау рәсімінде корпорация президенті Рақымғали Абрарұлы баспаның қызметі мен жетістіктері туралы

баяндап, қонақтарға өнімдерін таныстырды. Салтанатты жиында Марат Байділдіұлы:

– Қоғамның мойындауы – қоғамның таңдауы. Бұл марапат – ел мәдениетіне сіңірген еңбектің лайықты бағасы, – деді.

Сонымен қатар, ұлт руханиятының жанашыры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рақымғали Құл-Мұхаммедке ұлттық мәдениет пен баспа ісіне қосқан үлесі үшін «Ұлт қайраткері» медалі табыс етілді. Айтса айтқандай, бұл марапат – «Атамұра» корпорациясындағы мыңға жуық адамның еңбегіне берілген әділ баға. Айта кетейік, биыл сәуір айында Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастыруымен өткен республикалық байқауда да «Атамұра» еліміздің «Үздік баспасы» атанған болатын.

Бетті әзірлеген
Рая
ЕСКЕНДІР.





МАРАПАТҚА ЛАЙЫҚ МАМАНДАР

Қарапайым еңбек адамдары арқылы қалалар көркейіп, ауылдар гүлденеді. Бүгінгі таңда осындай жандардың жұмысын насихаттау мен марапаттау – қоғамның рухани дамуының маңызды бөлігі.

Жасыл қаланың жанашыры



Ғалия Өмірбекқызы – 1963 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданында дүниеге келген. 12 балалы шаңырақта есейген ол ата-анасынан еңбекқорлық пен жауап

кершіліктің, айналасымен сыйластықтың өнегесін бойына дарытып өседі.

Мектептен кейін Алматы қаласындағы техникалық оқу орнын тәмамдаған. Кейінгі білімін Қаныш Сәтбаев атындағы университетте толықтырып, кәсіби біліктілігін арттырған. Еңбек жолын 1990 жылы экология саласында қарапайым маман ретінде бастап, өзінің табандылығы мен жауапкершілігі және кәсіби біліктілігінің арқасында ауданның басшысы деңгейіне дейін жеткен. Соңғы 5 жылда қалалық экология бөлімін басқарып, Алматының жасыл желекті, таза қаласын қалыптастыруға жауапты болып келеді.

Ғалия Төлегенова – мол кәсіби тәжірибеге ие әрі өз саласында құрметке ие болған білікті маман. Аудан мен қаланың, министрліктердің көптеген марапаттары соның айқын дәлелі. Ол сондай-ақ, 2016 жылы ҚР Президентінің Жарлығымен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Аталған салада өзінің біліктілігін көрсетумен бірге, Ғалия Өмірбекқызы жас мамандарды тәрбиелеуге де айрықша көңіл бөледі. 20 жылдан астам еңбек жолында ол 120-дан астам жас маманға тәлім беріп, олардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал еткен. Жас мамандарға практикалық тәжірибесін бөлісе отырып, командамен өнімді жұмыс істеудің қыр-сырын үйретеді. Әлеуметтік желілер арқылы азаматтардың экологияға қатысты талаптарына тікелей жауап беріп, мәселенің оңынан шешім табуына тікелей атсалысып келеді. Осы арқылы экологиялық мәселені ауқымды аудиториямен ортақ шешуге зор ықпал етіп келеді.

Ғалия Төлегенова – Алматы қаласының экологиясын жақсартуға 35 жылын арнаған, өз ісіне адал және халқына жанашыр тұлға. Ол қала экологиясын сақтау мен көркейту бағытында 200-ден астам жобаны жүзеге асырып, жасыл желекті көбейту мен қаланы таза ұстауға зор үлес қосты. Заңдылықты сақтау, әділдік пен адалдық – оның өмірлік ұстанымдары. Ғалия ханымның еңбегі тек қаланың көріктенуіне ғана емес, жас мамандарды тәрбиелеу мен олардың кәсіби дамуына да бағытталған. Бүгінгі жас буын оның тәжірибесінен үлгі алып, Алматыны гүлденген, таза және көркем қалаға айналдыру ісін жалғастыруда.

Еңбектің наны тәтті

Жанар Сәдібекова – қарапайым ауылдан шығып, адал еңбегімен биікке жеткен жандардың бірі. Ол Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданының Қарабұта ауылында дүниеге келіп, жастайынан еңбекқорлық пен табандылықты бойына сіңіріп өсті. 9-сыныпқа дейін туған ауылында оқып, кейіннен қазіргі Қонаев қаласындағы Д.А.Қонаев атындағы гимназияны тәмамдады.

Өнерге тынбай талаптанған ол Алматы технологиялық университетінде «Нан-тоқаш, макарон және кондитерлік өнімдер» мамандығы бойынша үздік оқып, қызыл диплом иегері атанды. Осы арқылы ол өзінің өнегелі өмір жолының бағдарын тауып, еңбегімен бақытын жақты.

Жоғары оқу орнын бітірген соң, Жанар Тұрсынқызы таңдаған саласынан алыстамай, еңбек жолын қарапайым жұмысшы ретінде бастап, бүгінде өз саласындағы өнегелі еңбек адамына айналды. 24 жылдық үздіксіз еңбегі барысында шамамен 50 мыңнан астам нан өнімін жасап шығарған ол әр бөлкеге мейірім мен жауапкершілікпен қарауды үйренді.

Бүгінде ол нан-тоқаш цехының инженер-технологы ретінде 10 мыңнан аса өндірістік процесс пен сынақты қадағалап, жаңа өнімдердің сапасын жетілдіруге атсалысып келеді. Әр өнімнің сапасына үлкен жауапкершілікпен қарай отырып, жас мамандарға да үлгі-өнегесін көрсетіп келеді.

Жанар Тұрсынқызы ұжымда зор беделге ие. Ол өз жетістіктерін ұстаздары мен тәлімгерлерінің еңбегімен байланыстырып, «Ұстаздарымнан алған нұсқаулар әлі күнге дейін жадымда сақталған» деп жиі айтады.

500 мыңнан аса нан өнімін ел игілігіне ұсынған Жанар Сәдібекова – еңбектің қадірін білетін, адалдық пен төзімділіктің символы. Оның өмір жолы жас буынға үлкен өнеге.


Ел амандығын арқалаған азамат

Қайрат Нұржаубаев – ел қауіпсіздігі жолында аянбай тер төгіп жүрген азамат. Ол 1992 жылы Алматы облысы, Есік қаласында дүниеге келген. Жастайынан еңбекқор, отбасына сүйеніш болуды өмірлік ұстаным еткен Қайрат мектепті тәмамдаған соң, Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп, әскери қызметтен кейін қоғам амандығын қорғайтын салада еңбекке араласты.

2015 жылы ол өміріндегі маңызды шешім қабылдап, өз ғұмырын халыққа қызмет етуге арнады. Осылайша Алматы қаласындағы Төтенше жағдайлар министрлігінің №6 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне өрт сөндіруші-құтқарушы болып қабылданды. Уақыт өте білімі мен тәжірибесінің арқасында бөлімше командирі дәрежесіне көтерілді. Қайрат үшін бұл жәй ғана лауазым емес, әр сәтте адам тағдырына жауап беретін зор сенім мен жауапкершілік деп қаралды. 10 жылдық қызметінде ол 450-ге жуық адамды құтқарып, 60-тан астам ірі өртті сөндірген. Ол бұл жетістіктерін жеке ерлік деп емес, ұжымдық еңбектің нәтижесі деп біледі.

Бүгінде Қайрат жас мамандарға тәлімгер болып, 30-дан астам өрт сөндірушінің кәсіби шеберлігін шыңдауға үлес қосып жүр. Теория мен тәжірибені ұштастырып, әріптестеріне өз білгенін үйретуді ол өзіне жүктеген міндет әрі қоғам алдындағы борышым деп санайды.

Өрт сөндірушілердің еңбегі көп жағдайда көзге көріне бермейді. Дегенмен, Қайрат үшін ең үлкен марапат – халықтың «Рахмет» деген жалғыз ауыз сөзі. Өз ісіне адалдық пен елге қызмет ету – оның өмірлік ұстанымы. Бүгінде Қайрат Бекалханұлы – батылдық пен адалдықтың үлгісі, халықтың сенімін ақтаған нағыз қаһарман.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Техниканың тілін тапқан шебер

Сергей Сахаров – өз ісіне адал, еңбекқор, кәсібін жүрегімен сүйген нағыз маман. Ол Алматы қаласында туып-өскен, жастайынан еңбекке араласып, 18 жасында кәсіби жолын бастаған. Бүгінде ол табаны күректей 19 жыл бойы бір салада үздіксіз еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі слесарь-электромеханик. Нағыз төзім мен табандылықтың, өз ісіне деген сүйіспеншіліктің нәтижесін көрсете білген маман электроқұралдарды жөндеу ісінің майталманы. Осы жылдар ішінде Сергей 500-ден астам күрделі тех-

никалық ақауды жойып, ондаған өндіріс орнының жұмысын қалпына келтірген. Бұл салада қателікке орын жоқ: бір сымның дұрыс жалғанбауы – тұтас өндірістің тоқтап қалуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан оның ұқыптылығы мен жауапкершілігі – әріптестеріне үлгі.

Кәсіби жолындағы ең есте қалар сәттерінің бірі – алғашқы жетістіктері мен қолымен түзеген күрделі ақаулар. Жаңа техниканы тез меңгеріп, заманауи құралдарды игеруге талпынысы – оның кәсіби шеберлігін үнемі шыңдап

келеді. Сергейдің өмірлік қағидасы да қарапайым, бірақ мағыналы: «Ең бастысы – өз жүрегіңе жақын кәсіпті табу. Егер таңдаған ісінді сүйсең, ол сенің өміріңнің қуанышы мен табысына айналады». Бұл сөздер – тәжірибеден туған өмірлік ақиқат.

Бүгінде Сергей Алексейұлы Сахаров – өз ісінің шебері, кәсібіне адал, ел дамуына үнсіз үлес қосып жүрген еңбек адамы. Оның өмір жолы – еңбекке деген құрмет пен табандылықтың жарқын үлгісі.



ДӘСТҮРЛІ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ДӘНЕКЕРІ

Күйші-композитор Омархан КЕРІМҚҰЛ – 90 жыл

Жетісу күйлерін насихаттау аясында күйші-композитор Омархан Керімқұлдың 90 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтілуде. Осы аптада Алматы қаласында өтетін күй кеші қаланың мәдени өмірін байытатын айтулы өнер тойының біріне айналғалы отыр. Осы ретте Жетісу дәстүрлі күй мектебінің көрнекті өкілі, күйші-композитор Омархан Керімқұлдың өмірі мен шығармашылығы жайында бір үзік сырға тоқталғалы отырмыз.

Күйші әлдилеген ана топырақ

1935 жылдың көктемінде, Шоңқұштай өзені бойында, Намазтөбе жанындағы Керімқұл байдың алты ауызды ағаш үйінде шекесі торсықтай ұл дүниеге келеді. Керімқұл мен Рәпия немересіне Омархан деп ат қойып, өз бауырына басып, қанаттыға қақтырмай өсірді. Омарханның атақонысы болған Шоңқұштай жері мен Текес өңірі дүйім жұртқа атағы кең тараған Қожеке, Сыбанқұл, Шіде, Рақыш, Қосдәулет күйшілер бір заманда ел мерейін өсірген, өнерін тасытқан домбырашы-күйшілердің құтты мекені болатын. «Төскейде малы, төсекте басы қосылған» ел сұраса келсе «қарын бөле, нағашы, жиен, жекжат-жұрағат» болып шыға келетін.

Мұндай өнерлі ортада күйшілер тартқан күйлерді күнде естіп, оның әуез-сазын тыңдап өскен ауыл балалары бала жастан домбыраны өзіне серік етіп, жасырын шертіп үйренетін жақсы әдетті бойына сіңіріп өседі. Олар тартқан күйлерді құлақ құрышы қанғанша тыңдайтын. Осы күйшілердің арасында әкесі Қожекенің күйін нақышына келтіріп шебер орындайтын Рақыш та бар еді. Ол бір күйді үш, тіпті одан да көп түрлендіріп, құбылтып тарта беретін өте шебер күйші болыпты.

Осы Рақыш Қожекеұлы бастаған күйшілер домбыраларын жүкке сүйеп дастарқан басына жайғасқанда, ішіне күй тылсымын бүккен қара домбыраны бір ұстап қалуға ниеті ауып тұрған балаларды байқап, домбыраны қолына беріп, кейде шерткізіп көреді екен. Осы мүмкіндікті пайдаланып, балалар өздері там-тұмдап үйренген күйлерін олардың алдында тартып қалуға тырысады. Сол өрімдей домбырашы балалардың ішінде Керімқұлдың немересі Омархан Әубәкірұлы домбыра тартуда алдына жан салмай, күйшілердің назарын бірден өзіне аударып алатын болған.

Осы күннен бастап Рақыш жас талапкерді қасына алып, білгенін үйретеді. Әкесінің және айналасындағы күйшілер туралы көрген-білгенін айтып, олардың дәстүрін тәлім етіп айтады. Зерек бала Омархан ұстазының айтқанын іліп алып, әр сәт екі етпей орындайды. Ұстазының тәлімін алып, әр сөзін көкейіне түйіп, көңіліне берік сақтаған бала жігіт Омархан бейне қоятаста отырған жас қырандай бабына келіп, иықтарын қомдап, ауық-ауық мойнын созып биікке талпына береді. Қаршадайынан домбыраны қолына алып, ұстазы Рақыштың талай сынынан өтіп, өнер жолына түскен жас Омекең Қытай жерінде жүргенде айтулы саңлақтармен қатар отырып, алқалы жиын-тойларда талай күй сайыстарына қатысады.

1950 жылы қазанда Құлжада өткізілген күйшілер фестивалінде Рақыш Қожекеұлы бас жүлдені, қырғыз Асанәлі бірінші жүлдені, Әшім Дүңшіұлы екінші жүлдені, ал Омархан Керімқұл үшінші жүлдені қанжығасына байлайды. Сонда Омекең әлі он алты жасқа толмаған кезі екен. Ал 1954 жылы Іле қазақ автономиялы облысы құрылып, оның орталығы Құлжа қаласы атануына орай, тағы да күйшілер сайысы ұйымдастырылады. Бұл жарысқа Іле, Тарбағатай, Алтай аймағының түкпір-түкпірінен келген домбырашылар мен халық күйшілері бақ сынайды. Текес өңірінің әйгілі күйшілері Қожеке, Сыбанқұл, Шіде, Рақыш, Қосдәулет, Бестібай, Бөлтірік, Кәтіп, Түсіпхан батыр және Тілеміс сынды күйшілер қатарында халық күйлерін шебер орындаған 19 жастағы домбырашы жігіт Омархан 120 күй тартып, бас жүлдені алады. Сондай-ақ, 90 күй тартып, қырғыз Асанәлі күйші де бірінші орын алады. Сонда қырғыз Асанәлінің: «Әй, бала күйші, қазақ туғаным, мына менің де күйлерімді тарта жүргейсің. О дүниеге аттанып кетер болсам, мұны домбыраңмен шерткенде көрімде бір аунап түсіп жатпаймын ба?», – деп, қалжыңдап, төрт күйін Омекеңе үйретіп кеткен екен.

Күйшінің атамекенге оралуы

Қытайдың жергілікті үкіметі 1950 жылдары Кеңес



Одағынан келгендерге құжат таратқанда, Рәпия мен Сәмөрік әжелері Қызылкүредегі Совет консулынан «Совет гражданы» деген паспорт алып алады. Сәмөрік Керімқұлдың інісі Жұмабай деген атаның әйелі, өзі Құрманның Елемес атасынан тараған Бұқарбай деген атақты байдың қызы екен. Бұлар да 1916 жылғы үркіншілік кезінде Қытайға барған көрінеді. Сонымен не керек, Сағырбайдың бес баласының тараған әулет осы Рәпия мен Сәмөріктің алған құжаттарына тіркеліп, 1962 жылдың желтоқсан айында Сүмбе шекарасы арқылы Қазақстанға көшіп өтеді. Керімқұл ұрпақтары Кеген ауданының Жалаңаш (қазіргі Жалағаш) ауылына келіп қоныс тебеді. Ал Қошқарбай, Жұмабайдың ұрпақтары Шымкент облысының Леңгір ауданына көшіп барады. Ал Омекең кейін Қарағандының Шет ауданына жіберілген Нүсіп, Әубәкір әкелерін, Жұмабай мен Қошқарбайдың балаларын Шымкенттен көшіріп әкеліп, Жалаңашқа қоныстандырады.

Қазақстанға келгеннен кейін Омекеңе Қытай жеріндегідей серілік құру бұйырмайды. Дегенмен, ауыл үй арасында ара-тұра домбыра шертіп жүргені болмаса, кейде ол да жоқ болады. Сол кезде Алматыда халық арасынан таланттарды іздеу, әсіресе, өрден келген ағайындардың арасында әлі елге танылып үлгермегендерді жарыққа шығару үшін Ғылым академиясы жанынан арнайы экспедиция құрылады. Олар «Ел іші – өнер кеніші» деп, Жетісудың жер-жерден әнші-күйші, өнер саңлақтарын іріктеп Алматыға алдырады. Олардың арасында Шыңжаңда танылған күйші Омархан Керімқұл мен әнші Дәнеш Рақыш та бар еді. Бұл байқауда күй тартудан Омархан Керімқұл, домбырамен ән айтудан Дәнеш Рақышев және жеке дауыста ән салудан бір қыз «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» болып озып шығады. Дәнешті Талдықорғанның, Омарханды Қарағандының өнер орталығына баруға жолдама береді.

Омекең бұрыннан жақсы таныс Дәнеш Рақышпен қазақ мәдениеті мен ғылымының орталығы, көрікті қала Алматыда кездесіп, емін-жарқын әңгімелесіп, болашақ арман-мақсаттарымен сыр бөліседі. Өйткені, қос өнер саңлағы кезінде Шыңжаң қазақ радиосының әуе толқынында біреуінің әсем әні шырқалып, біреуінің күмбірлеген күйі шертіліп, жұрттың мерейін талай мәрте асырған болатын.

Омекеңнің конкурстан өтіп, арманы орындалып, көктен тілегені жерден табылғанына қуанып ауылына барады. Көкірегін кернеген асқақ арман, қуанышын «Өз арманым» деп күй тілінде сөйлетеді.

Мерейтой қарсаңында

Жетісу күйлерін насихаттау аясында күйші-композитор Омархан Керімқұлдың 90 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде аталып өтілуде.

Марқұм Омархан Керімқұлұлы Қожеке, Сыбанқұл, Шіде, Қосдәулет, Рақыш, Бестібай, Тілеміс, Манпаң, Кәтіп секілді күйшілердің күйін алғаш рет және талай рет орындап, ел жадына қайта сіңіріп, ұмыт бола бастаған күйлерді ел-жұртымен қайта қауыштырды. Қазақтың күй өнеріне ол қосқан тың есімдер мен қайта жаңғыртқан күйлер баршылық. Омекең орындаушы ғана емес, өз жанынан да күйлер шығарған, дәулескер күйші болатын. «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиясына Қоже-

ке, Сыбанқұл мектептерінің өкілдерімен қатар, Бөлтірік, Қосдәулет Омархан Керімқұл, Елемес Талас бай сынды күйшілердің, Тіленді Шортанбай сияқты Жетісу өлкесінде өмір сүрген белгілі тұлғалардың шығармалары осы жоғарыдағы орындаушы-күйшілердің атымен қосылды.

1994 жылдан бастап Омархан күйші туралы «Қазақстан» ұлттық телеарнасында белгілі өнер қайраткері, музыка зерттеуші Жарқын Шәкерім «Қайта оралған Жетісу күйлері» тақырыбында алты теле-түсірілім жасайды. Қазақ радиосының «Алтын қорына» жиырмадан астам күйлері жазылады. Белгілі музыка зерттеушісі, өнертану ғылымының кандидаты Базарәлі Мүптекеев Омархан күйшінің алпыстан астам күйлерін Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның фольклорлық қорына өткізді. Омархан күйшінің орындауында 35 күйі «CD» табақшасына жазылып, «Мәңгілік сарын» және «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» антологиялық жинақтарына еніп, ұлтымыздың мәдени мұрасына айналады.

Күйшінің ұлы Қанапия Омархан құрастырған «Омархан күйші – саумал шертпенің шебері» атты кітабы 2011 жылы «ҚазАқпарат» баспасынан жарық көрген болатын.

«Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Таңшолпан» бағдарламасы түсірген қысқаша ақпараттық хабарлар 2024 жылдың желтоқсан айының соңы және 2025 жылдың қаңтар айының басында көрсетілді. Осы арнаның «Abai TV»-ның «Ұмытпаймыз» музыкалық редакциясы күйші-композитор Омархан Керімқұлдың 90 жылдық мерейтойына орай түсірілген «Жетісудың желмая күйшісі» музыкалық деректі фильмі шықты. Ал Қазақ радиосының «Шалқар» музыкалық бағдарламасы күйшінің өнері туралы 50 минуттық хабар берді.

Мәдениет министрлігінің қолдауымен 2011 жылы «ҚазАқпарат» баспасы шығарған «Омархан күйші – саумал шертпенің шебері» кітабы толықтырылып, «Жетісудың жампоз күйшісі» деген атпен қайта жарық көрді.

Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясы (8 қазан, 2025 жылы, сағат 16.00-де) А.Жұбанов атындағы кіші залында Омархан Керімқұлдың 90 жылдығына арналған Ержан Жаменкеевтың «Саумал шертпенің шебері» деген концерттік кеші өтті. Осы кеш негізінде Шалқар радиосының тілшісі Гүлназ Шабайқызы «Тоғыз тарау» бағдарламасы арқылы арнайы (23 қазан, 2025 ж., сағат 21.00-де) музыкалық хабар таратты. Ал Алматы облысының Алматы қаласындағы облыстық кітапханасында «Күй – күйшінің мұрасы, ұлттың үні» деген тақырыпта күйші-композитор Омархан Керімқұлдың еске алу кешін өткізді. Бұл іс-шара осы жылдың 16 қазан күні, сағат 15.00-де өтті. Бұл кездесуге Омархан күйшінің жақсы білетін қаламгерлер мен жақындары қатысып, естелік сөздерін айтты, домбырашылар күйлерін шертті.

Ал қараша айының басында Астана қаласындағы Ұлттық музыка академиясында күйші-композитор Омархан Керімқұлдың 90 жылдық мерейтойын күй өнерінің майталмандары Бауыржан Бекмұхамет пен Сәрсенғали Жүзбай жоғары деңгейде атап өтті. Ал Астанадағы Еркеғали Рахмадиев атындағы филармониясы Қазақ оркестрінің дирижері, белгілі домбырашы, күйші-композитор Нұрлан Бекенов «Күй шашу» концертін Астана қаласында өткізді.

Құрманғазы атындағы ұлттық академиялық оркестрі тұрақты орындауы үшін Омархан күйші жеткізген және өзі шығарған күйлерін қосқанда 8 күйдің партитурасы жазылды. Оркестрге түсірген Астана қаласы Е.Рахмадиев атындағы филармонияның дирижері Нұрлан Бекенов.

Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясында (2025 жылы 8 қараша, сағат 10.00–13.00 арасында) Омархан Керімқұлдың 90 жылдық мерейтойына арналған «Дөңгелек үстел» өтпекші. «Дөңгелек үстел» басталар алдында күйшіге арналған ғылыми негіздегі тарихи-танымдық «Жетісудың жампоз күйшісі» атты жаңа кітабының таныстырылымы болады. Ғылыми кеңесте «Дөңгелек үстелдің» материалдарын кітап етіп шығару ұйғарылды. Сол күні түстен кейін (8 қараша, 2025 ж., сағат 15.00-де) Жамбыл атындағы Қазақ академиялық филармониясында күйшінің 90 жылдығына арналған «ӨЗ АРМАНЫМ» атты гала-концерті өтеді.

Әлімжан ӘШІМҰЛЫ,
журналист, зерттеуші.



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ЖҮРЕК ҚАЙТА СОҚТЫ

Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында Басқарма төрағасы Рүстем Төлеутаевтің жетекшілігімен анестезиологтар мен кардиохирургтар тобы биыл үшінші жүрек трансплантациясын жасады.

Донорлық жүректі алғашқы рет трансплантациялау клиникада 2023 жылы жүргізілген болатын. Бүгінгі күні барлығы 4 трансплантация жасалды.

Донор – Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасына түскен 63 жастағы әйел адам. Дәрігерлер оның ми өлімін тіркеген.

Жүрек 36 жастағы алматылық ер адамға салынды. Ол диалатациялық кардиомиопатия, сол жақ қарынша қуысында тромб, шығарылу фракциясы өте төмен (24%) созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігіне шалдыққан. Емдеу нәтиже бермеген соң, оған кардиовертер-дефибриллятор имплантацияланған және жүрек трансплантациясына үміткерлер тізіміне енгізілген.

«Өкінішке қарай, соңғы кезеңдегі созылмалы жүрек қызметінің жеткіліксіздігіне шалдыққан науқастар саны жылдан-жылға артып келеді.

Алайда, донорлық органдардың тапшылығына байланысты жүрекке мұқтаж барлық науқастарға трансплантация жасау мүмкін болмай отыр. Біздің пациентке ұзақ күтудің қажеті болмады – сәйкес донор табылды.

Осы күрделі үдерісті ұйымдастыру және үйлестіру ісінде үлкен қолдау көрсеткен Республикалық трансплантация және жоғары технологиялық медициналық қызметтерді үйлестіру орталығына және оның басшысы Айдар Кенжетайұлына алғысымыз шексіз. Соңғы жылдары Орталық елімізде трансплантология қызметін дамыту бағытында белсенді жұмыс атқарып келеді. Сондай-ақ, қаладағы медициналық ұйымдардағы әріптестерімізге көмегі үшін, ал донор отбасының парасатты шешімі мен өмірлерді құтқарғаны үшін ризашылығымызды білдіреміз», – деді клиниканың бірінші басшысы Рүстем Төлеутаев.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ

Алматының №7 қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирургтері жасанды интеллект технологиясының көмегімен ишемиялық инсульті бар 77 жастағы науқасқа сәтті ота жасады.

Аурухананың қабылдау бөлімшесіне егде адам инсульттің айқын клиникалық белгілерімен шұғыл түрде жеткізілген. Айталық, денесінің сол жағы салданып, ал бет бұлшық еттері шала салданған және сөздері ұғынықсыз күйде болған. Алғашқы мәліметтерге сәйкес, аурудың басталғанына шамамен бір сағат қана өткен. Дәл осы уақыт аралығын дәрігерлер «алтын сағат» деп атайды. Бұл кезде емдеудің сәтті өту мүмкіндігі жоғары.


Пациентке жедел түрде компьютерлік томография (КТ) жүргізілді. Қан құйылу-дың немесе ишемияның қалыптасқан ошағының айқын белгілері анықталмағанына қарамастан, КТ деректері RAPID-мамандандырылған жасанды интеллект бағдарламасымен қосымша өңделді. Бұл жүйе инсульттің белгілерін ертерек және тромбты алып тастау операциясын жүргізу керектігін анықтауға көмек береді.

№7 қалалық клиникалық аурухананың тамырлық нейрохирургия бөлімшесінің нейрохирург-дәрігері Айбек Тұралиев ишемиялық инсульт кезінде уақыттың шешуші маңызға ие екенін атап өтті.

«Хирургиялық араласу неғұрлым ерте жасалса, ми жасушалары соғұрлым аз зақымдалады және толық қалпына келу мүмкіндігі анағұрлым жоғары

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

алматылық дәрігерлерге адам өмірін құтқаруға көмектесті



болады. Қолданылатын RAPID бағдарламасы миды ASPECTS шкаласы (0-ден 10 баллға дейін) бойынша бағалайды және ортаңғы ми артериясы бассейніндегі зақымдану дәрежесін анықтауға көмектеседі», – деді А.Тұралиев.

Операциядан кейін пациент инсульт бөлімшесінде одан әрі емін жалғастырды. Барлық емдеу, оның ішінде операциялық араласу да, МӘМС жүйесі аясында әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаражаты есебінен жүргізілді,

Алматы қаласы №7 ҚКА инсульт орталығының меңгерушісі, Қоғамдық

денсаулық сақтау басқармасының бас штаттан тыс инсультологы Жанна Дүйсембаева өз кезегінде қан айналымы жүйесі ауруларының қазіргі қоғамның маңызды медициналық-әлеуметтік проблемаларының бірі болып қала беретінін атап өтті.

«Инсульт – бұл жәй ғана медициналық мәселе емес. Бұл бүкіл денсаулық сақтау жүйесіне, әрбір отбасына, бүкіл қоғамға қойылған үлкен сынақ. Біздің әрқайсымыз – дәрігер, медбике, оңалту маманы – күн сайын осы күрестің алдыңғы шебінде тұрып, адамдарға жоғалтқан функцияларын, үмітін және өмір сапасын қайтаруға көмектесеміз. Елімізде жыл сайын инсульт алған 40 мыңнан астам адам тіркеледі. Олардың 5 мыңы алғашқы 10 күнде, ал тағы 5 мыңы мидағы апатты бастан өткергеннен кейін бірінші ай ішінде қайтыс болады», – дейді Жанна Дүйсембаева.

Дәрігерлер атап өткендей, жасанды интеллект технологияларын енгізу диагностиканың дәлдігін айтарлықтай арттырады және әрбір минут өмірге қауіп төндіретін аса маңызды жағдайларда дұрыс шешім қабылдауды жеделдетеді.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ИНСУЛЬТКЕ ҚАРСЫ КҮРЕС

Жаһанға ортақ стратегия Алматыда талқыланды

Алматыда қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен «Инсультке қарсы күрестің жаһандық стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ұйымдастырушылары – ASIAN SOCIETY HEART/BRAIN қоғамдық бірлестігі, Инсульт проблемалары жөніндегі республикалық үйлестіру орталығы және Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы. Алқалы жиын Қазақстан, АҚШ, Италия, Ресей және Украина елдерінің жетекші сарапшыларының басын біріктірді. Қонақтар арасында профессор Паола Маранголо (Италия), Евгений Сидоров (АҚШ), Алексей Гуцалюк, Дмитрий Буренчев, Кирилл Салимов, Лев Приступок және өзге де танымал мамандар бой көрсетті.

Бас тақырыптар қатарында – инсультті емдеудің заманауи тәсілдері, жасанды интеллект рөлі, оңалту мен тамыр жүйесі ауруларының алдын алу мәселелері. Қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы Инсульт орталығының меңгерушісі, жоғары санатты невролог Ләззат Аяғанова жүкті әйелдер арасында кездесетін сирек әрі күрделі инсульт жағдайлары туралы баяндап, көпбейінді тәсіл мен уақыттылы диагностиканың маңызын атап өтті.

«Жүкті әйелдер арасында инсульт шамамен 100 мың босануға шаққанда 30 жағдай жиілігін-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

де кездеседі. Өлім көрсеткіші 10%-ға дейін, ал мүгедектікке әкелу қаупі 50%-ға дейін жетеді. Тромбофилиясы бар әйелдерде инсульт даму қаупі 4–6 есе жоғары. Жүкті әйелдерде инсульттің 60%-ға дейінгі криптогенді, яғни себебі анықталмаған болып

қалады. Тәуекел факторларына ЭКО, преэклампсия, тромбофилия, антитромбин III тапшылығы және жасы 35 жастан асқан әйелдер жатады», – деді Л.Аяғанова.

Конференцияның пленарлық және секциялық отырыстарында инсульттен кейінгі оңалту, телемедицинаны дамыту және халықтың инсульттің алдын алу жөніндегі сауаттығын арттыру мәселелері қозғалды.

270-ге тарта маманның басын қосқан конференцияның екінші күні қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасында «шеберлік сабақтарымен» жалғасты.

МАМАН ПІКІРІ

Бағдат ӘЛІМБЕТОВ,
Алматы қалалық Жедел шұғыл көмек көрсету ауруханасы директорының орынбасары:

Бұл – маңызды кәсіби алаң

Бұл конференция – тек кезекті шара емес, өмірді сақтап қалуға бағытталған маңызды кәсіби алаң. Бүгінде біздің аурухана базасында үшінші деңгейлі инсульт орталығы жұмыс істейді. Мұнда тәулік бойы жоғары технологиялық интервенциялық емшаралар орындалып, жедел көмек көрсетіледі. Біз күн сайын уақытылы қабылданған шешім мен заманауи тәсілдің науқас тағдырын қалай өзгерте алатынына, яғни оның сөйлеу қабілетін, қимыл-қозғалысын және өмір сапасын қалпына келтіруге мүмкіндік беретініне куә болып келеміз. Инсульт – денсаулық сақтау жүйесіндегі ең өзекті мәселенің бірі. Елімізде жыл сайын 42 мыңнан астам жаңа жағдай тіркеледі, өкінішке қарай, мүгедектік деңгейі де артып келеді. Сондықтан білімді жетілдіру, тәжірибе алмасу және жаңа технологияны енгізу – тек медицина мамандарының емес, баршамыздың, яғни қоғам мен әрбір дәрігердің ортақ жауапкершілігі.

СӘТТІ ОТА

TAVI

ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Алматыда 83 жастағы науқасқа TAVI технологиясы бойынша қолқа қақпағын ауыстырды.

Осыдан бірнеше күн бұрын қалалық жүрек орталығына «қолқа қақпақшасының сыни стенозы» диагнозы қойылған 83 жастағы науқас жеткізілді. Жасын және жоғары хирургиялық тәуекелді ескере отырып, аорта клапанын аз инвазивті әдіспен ауыстыру туралы шешім қабылданды, яғни аорта клапанын транскатетерлік имплантациялау (TAVI).

Ота интервенциялық кардиология бөлімінің меңгерушісі Оразбек Саховтың басшылығымен өтті. Операция науқастың кеуде қуысын ашпай-ақ феморальды артерия арқылы жүзеге асырылды. Тамыр арқылы қолқа клапанының аймағына рентген және эхокардиография бақылауымен жасанды клапан жеткізіліп, орнатылды. Процедура барысында науқас ояу болды, өздігінен тыныс алды және хирургтермен байланысып, олардың командаларын орындады. Ота аяқталғаннан кейін әйел бәрі ауыртпалықсыз және бір тыртықсыз өткенін атап өтті.

Мамандардың айтуынша, TAVI (Transcatheter Aortic Valve Implantation) әдісі – егде жастағы науқастарда ауыр жүрек ақауларын емдеудің ең заманауи және жұмсақ әдістерінің бірі. Бұл ашық отадан аулақ болады және қалпына келтіру кезеңін едәуір қысқартады.

Қарт әжей кардиоорталық командасына үлкен алғысын білдірді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



НАҚТЫ СЕКТОР

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» өндіріс саласына оң әсер берді

Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланғаны мәлім. Президент көтеріп отырған бастама қоғамда да қызу қолдау тапты. Өйткені, мемлекет тарапынан қолға алынған жоба Алматы сынды мегаполистері өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, көлік, энергетика сынды нақты секторлардың дамуына да өзінің оң әсерін беріп отыр. Себебі, жұмысшы мамандықтарының мәртебесінің көтерілуі, жастарды нақты өндіріс саласына тарту, еңбекке баулу бағытында қуанарлық жетістіктер бар.

Осынау жоба аясында Алматыдағы колледждер мен кәсіптік оқу орындарында жаңа білім беру бағдарламалары енгізіліп, өндірістік тәжірибе базалары жаңартылып жатыр. Әрине, бұл бастамалардың «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жүзеге асырылып жатқаны аян. Мәселен, «Алматы автомеханика колледжінің» оқу процесіне модульдік-құзыреттілік тәсілі, бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі және дуальды оқыту әдістемесі енгізілді. Қазіргі таңда колледждің 559 білім алушысы дуальды оқыту жүйесіне қатыса отырып, әлеуметтік әріптестердің базасында өндірістік және кәсіптік практикадан өтуде. Аталған жыл аясында қала әкімдігі мен Білім басқармасының қолдауымен, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі бастаманы іске асыру шеңберінде колледждің оқу-материалдық базасы нығайтылды. Соның негізінде «Алматы автомеханика колледжінде» «Автомобиль көлігіне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі құзыреттер» орталығы ашылды. Құзыреттілік орталығының ашылу салтанатында қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Мұхтар Тәжібаев сөз сөйлеп, қатысушыларды құттықтады.

– Қазіргі заманда еліміздің экономикалық дамуы мен тұрақтылығы еңбек адамдарының қолында. Құрылысшы, дәнекерлеуші, электрик, механик, технолог, аспаз, тігінші сияқты жұмысшы мамандық иелері – қоғамның тірегі. Бұл оқу орны тек қаламызда ғана емес, республика көлемінде автожөндеу және автоқызмет көрсету бағытындағы мамандарды даярлауда көшбасшы болып табылады. Сол себепті, мемлекет бұл мамандықтарды қолдап, олардың беделін арттыру бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Қазіргі таңда Алматы қаласы бойынша 88 колледж жұмыс істейді. Оның 22-сі мемлекеттік, 66-сы жекеменшік оқу орны. Мемлекеттік білім мекемелерінде ашылып отырған бұл құзыреттілік орталығы – он бесіншісі. Жыл соңына дейін қалада тағы үш орталық ашу жоспарланып отыр, – деді Мұхтар Тәжібаев.

Білім ордасын 33 жыл басқарған қоғам қайраткері, Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы құзыреттілік орталығының ашылуы – заманауи білім беру бағдарламаларын енгізудің, цифрлық технологияларды пайдаланудың, дуальды оқытуды дамытудың және салалық кәсіпорындармен әріптестікті нығайтудың нақты көрінісі екенін атап өтті.

– Бұл қадам болашақ жұмысшылардың заманауи техника мен технологияны меңгеруіне зор мүмкіндік береді. «Жұмысшы мамандықтар жылы» – қоғамның назарын қол еңбегінің қадіріне аударып, «еңбек етсең – емерсің» қағидасын жаңа деңгейде дәріптеудің кезеңі. Себебі, нағыз еңбек адамы – елдің тірегі, халықтың қорғаны, мемлекеттің қуаты, – деді ол.

Орталықтың ашылу рәсімінде колледж директоры Темірбек Рахманұлы қонақтарды шеберханалардың техникалық жабдықталуымен және жаңадан салынатын жатақхана құрылысымен таныстырды. Іс-шара барысында жоғары білікті кадрлардың жетістіктері, үздік тәжірибелер мен инновациялық тәсілдер ұсынылды. Сонымен қатар, WorldSkills сарапшылары, әлеуметтік серіктестер, колледж оқытушылары мен студенттері қатысқан практикалық көрсетілімдер Рая ЕСКЕНДІР.

БАСПАСӨЗ – 2026

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілген иінтірегі калапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және муржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек
2. Бөлмені желдету керек
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% орташа


Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)

- Дәрігер шақыру

- Дәрігер келгенге дейін. Жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртіні іскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.
- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет



Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасы «Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директоры» бос лауазымын иеленуге конкурс жариялайды

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қала жер орталығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы, мекенжайы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 155, телефон: 8 (727) 378-45-28.

Кәсіпорынның негізгі қызметі: Мемлекеттік мұқтаждықтар үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою саласында қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ осы учаскелерді ғимараттардан (тұрғын үйлерден, құрылыстардан және т.б.) босату.

Анықтама телефондары: 8 (727) 229-21-51, +7 771 822 66 42.

Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі Алматы қаласы әкімінің бұрынғы орынбасары, ардагерлер қозғалысының белсендісі

Ержан БАБАҚУМАРОВТЫҢ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALATAU AQPARAT» медиахолдингі және «Almaty aqshamy» газеті ұжымы басшылығының тілшісі Мәншүк Бекбосынова аяулы анасы

Рабиға БЕКБОСЫНОВАНЫҢ өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail: alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Continuity of Tradition:
The Legacy of the Ancestors



МӘДЕНИЕТ

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАСЫ

Амстердамда Алматы музейінің көрмесі ашылды

Нидерланды Корольдігінің астанасы – Амстердам қаласындағы Юнус Эмре институтында Алматы қаласы музейлер бірлестігінің ұйымдастыруымен «Дәстүр жалғастығы: бабалар аманаты» атты көрме ашылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Экспозиция Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қорынан алынған 70-тен астам бірегей экспонатты қамтиды. Аталған көрме Ұлы дала мәдени мұрасын Еуропа жұртшылығына танытатын, қазақ руханияты мен тарихының терең тамырын паш ететін маңызды мәдени оқиға.

Көрменің ашылуында сөз сөйлеген

Қазақстан Республикасының Нидерланды Корольдігіндегі Елшісінің кеңесшісі Аян Тұрарбеков:

«Бұл көрме біз үшін ерекше маңызға ие болды. Себебі, ол еліміздің басты ұлттық мерекесі – Қазақстан Республикасының Республика күнімен тұспа-тұс келді. Экспозиция еліміздің бай мәдени мұрасын көрсетіп, қазақ және түрік мәдениеті арасындағы өзара диалогтың дамуына ықпал етеді. Алматы қаласы музейлер бірлестігі мен Юнус Эмре институтының тарихи-мәдени

мұраны сақтау және әлемдік деңгейде таныту бағытындағы еңбегіне зор алғыс білдіреміз», – деді ол.

Бес тақырыптық бөлімнен тұратын көрмеде, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен қолданбалы өнерін бейнелейтін этнографиялық артефактілер және қазақ, түркі халықтарының музыкалық аспаптары ұсынылған.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ләззат Сағындықова Алматы қаласының әкімі Дархан Амангелдіұлының ыстық ықыласын жеткізе келе, бұл көрме халықаралық ынтымақтастықтың жемісті нәтижесі екенін атап өтті.

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі

қала әкімдігінің қолдауымен кейінгі үш жылда, Оңтүстік Корея (Сеул), Австрия (Вена), Франция (Париж), Италия (Неаполь), Чехия (Прага), Сербия (Белград), Мажарстан (Қарцаг), Түркияда (Стамбул) 11 халықаралық көрме ұйымдастырып, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін әлемдік деңгейде таныстырып келеді. Амстердамдағы бұл көрме де – музейдің халықаралық бағыттағы жүйелі түрде жүргізілген жұмысының жалғасы, қазақ мәдениетінің Еуропа кеңістігіндегі жаңа бір көрінісі», – деді.

«Дәстүр жалғастығы: бабалар аманаты» көрмесі Амстердам қаласында 14 қарашаға дейін жұмыс істейді.

ҚАЗАҚЫ ТАЗЫ ТҰҚЫМЫ

Алматыда ерекше көрме өтті



Алматыда Республика күніне орай кинологиялық іс-шара – «Қазақы тазы» моно тұқымды көрмесі өтті. Көрме барысында ұлттық деңгейдегі Қазақстан кинологтар одағының кубогы сарапқа салынды. Іс-шараны «Қазақстан кинологтар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.



Досбол
АТАЖАН

Қазақстан кинологтар одағының президенті Бауыржан Серікқалидың айтуынша, қазақы тазы – Қазақстанның мәдени мұрасы ретінде танылған ерекше тұқым. Ал 2024 жылы Халықаралық кинологиялық федерация қазақ тазысын тану туралы бастапқы шешім қабылдаған.

– Қазір біз сапалы тазылардың санын көбейтуге арналған бағдарламаны жүзеге асырып келеміз. Олардың саны өсіп келеді. Тазының халықаралық деңгейде мойындалуы – еліміз үшін маңызды оқиға. Енді өзге мемлекеттер бұл тұқымды өзіне ала алмайды. Сондай-ақ, дүние жүзі тазы тұқымын жақсырақ тани түсті, – деді Бауыржан Серікқали.

Моно тұқымды көрмеде еліміздің әр өңірінен келген 60-тан астам тазы қатысып жатыр. Бағдарлама тазының тұқы-

мын жан-жақты бағалауға бағытталған. Иттер бекітілген стандарттарға сәйкес тексеріледі де, ұлттық және халықаралық санаттағы төрешілер шешімі бойынша үздіктері анықталады.

Ит тұқымдарын тану бойынша сарапшы әрі байқау төрешісі Айбол Алпысбаев одақ кубогіне жиналған тазылар қалай бағаланатынын түсіндірді.

– Бүгін тазыларды сұрыптаймыз, бұл болашақта дұрыс жұмыс істеу үшін маңызды. Сонымен қатар, тіркелмеген иттерді құжаттандыру жұмысы қатар жүреді. Ең алдымен, тазылардың тістерін қараймыз. Олардың саны, қаншалықты сау екенін тексереміз. Одан кейін жүргізіп, аяқ алысын байқаймыз. Соңынан сүйек бітімі мен пішінін бағалаймыз. Ең бастысы, тазы тым ет алып, тойынбаған болуы керек. Соңғы екі қабырғасы көрініп тұрса, ит бабында деген сөз, – деді маман.

Көрмеге 5 жыл қатарынан тазыларын қатыстырған Дәурен Жұмағалиев қазақы тұғымның ерекшелігі туралы айтты.

– Бала күннен атама еріп, оның тазысын баптадық. Өсе келе осы іспен өзім айналыса бастадым. Қазір 20 шақты тазым бар. Мінездері әртүрлі болады – сабырлы, ойынқұмар, қарулы, жүйрік және басқа да. Бірақ ешқайсысында сұғанақтық болмайды. Ақылды әрі алғыр, иісі болмайтын таза жануар. Адамды тістемейді. Бөтен адам келсе, үреді де ұясына кіріп кетеді – ақылдығы сонда. Сонымен қатар, тазыны байлап қоюға болмайды, көлікпен, атпен түзге шығарып тұру керек. Жүгіріп тұрса, бабында болады. Бір орында отыра берсе, тез семіріп, майтабан болады, – деді Дәурен Жұмағалиев.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.